



Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2024 ж.

«QazaqGaz барлау және өндіру» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Осы Шартта бас әріппен көрсетілген терминдер мен сөз тіркестері келесі мағыналарға ие:

1.1.1. «Апат (оқиға)» – ұңғыманы бұрғылау технологиялық процесінің үзіліссіздігін бұзу, ақаулар немесе бұрғылау құралы мен жабдықтарының мерзімінен бұрын тозуына байланысты техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе зақымдануы, сапасыз жабдықтар мен материалдарды пайдалану, Мердігердің қызметкерлері немесе үшінші тұлғалардың дұрыс емес әрекеттері, оны жою үшін арнайы жұмыстар жүргізуді, сондай-ақ осы Шартта, Бұрғылау бағдарламалары мен ұңғыманы бұрғылау жөніндегі Жобалық құжаттамада қарастырылмаған бұрғылау құралдары мен жабдықтарын қолдануды талап етеді. Апаттың себептері мен Тараптардың кінәсін комиссия анықтайды.

1.1.2. «Ұңғыманы бұрғылауға Жабдықтың дайындығы туралы Акт» – Тараптар қол қоятын, Жабдықтың ұңғыманы бұрғылауға дайындығын растайтын құжат.

1.1.3. «Орындалған жұмыстар Актісі» – әрбір Кезең аяқталғаннан кейін Тараптар қол қоятын, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына қатаң сәйкестікте және белгіленген нысандар бойынша (Шарттың № 23 Қосымшасы) ресімделген, Мердігердің Жұмыстарды тиісінше орындағанын растайтын құжат.

1.1.4. «Мердігердің базасы» – Мердігер анықтаған орын, осы жерден Шарт бойынша жұмыстарды орындау орнына Мердігердің Қызметкерлері және/немесе Жабдықтары жіберіледі және осы жерден Жұмыстарға жалпы басшылық жасалады.

1.1.5. «Толық аяқталған» бұрғылау» – бұл Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер сатып алған жабдықтар, техника және материалдардың құнын қайтаруды талап етпестен, Мердігер өз есебінен және тәуекелімен орындауы тиіс Жұмыстарды білдіреді, және тек нақты орындалған жұмыстар үшін төлем алады. «Толық аяқталған» бұрғылау шарты бойынша Мердігер барлық мүмкін тәуекелдерді, бұрғылау және оны қамтамасыз ету міндеттерін өз мойнына алады және Шарт талаптарына сәйкес Тапсырыс берушіге сынаққа дайын ұңғыманы тапсыруы тиіс.

1.1.6. «Бұрғылау Бригадасы» – Бұрғылау Қондырғысын пайдалана отырып, ұңғымаларды бұрғылау Жұмыстарын орындайтын Мердігердің Қызметкерлерінің бөлімшесі.

1.1.7. «Бұрғылау жұмыстары» — ұңғыманы бұрғылау және бекіту жұмыстары. Бұрғылау жұмыстарының басталуы мен аяқталуы осы Шартпен анықталады.


1.1.8. «Бұрғылау Алаңы» — Шарт аумағында Тапсырыс беруші белгілеген кез келген аумақ, онда Жұмыстар орындалады және Мердігер мен тартылған Қосалқы мердігерлердің тұрғын-жай, тұрмыстық, көмекші және қойма орындары орналастырылуы мүмкін.

1.1.9. «Бұрғылау Лагері» — Шарт Аумағында орналасқан Мердігердің және тартылған Қосалқы мердігерлердің Қызметкерлері уақытша тұратын және жабдықтарды, материалдар мен жұмыстарды орындау үшін қажетті техниканы уақытша сақтайтын орын.

1.1.10. «Бұрғылау Қондырғысы» — бұрғылау үшін белгіленген өнімділігі бар қондырғысы, оған Жұмыстарды орындау үшін қажетті тұрғын-жай, тұрмыстық, көмекші және қойма орындары кіреді.

1.1.11. «Қосалқы объектілер» – Жобалау құжаттамасында көзделген Жұмыстарды тиісті орындауды қамтамасыз ету үшін салынатын ұңғымаларды қоспағанда, барлық ғимараттар, құрылыстар мен қондырғылар, соның ішінде Бұрғылау Лагері, кіреберіс жолдар, алаңдар, сужинағыш алаңдары және т.б.

1.1.12. «Кіріс бақылауы» – бұл ұңғымалар үшін технологиялық жабдықтар мен құбыр өнімдерінің сапасын кіріс бақылауды, шегендеу құбырларының, атқыма және бекіту арматуралардың сапасын тексеруді білдіреді (қысыммен сынау, шаблондау, бұзбайтын бақылау әдістерімен дефектоскопия, қалыңдығын өлшеу, калибрлеу және бұранданы жөндеу).





1.1.13. «ГМСА» – газмунайсуатқылауы.

1.1.14. «ГТК» – геологиялық-техникалық кеңес.

1.1.15. «ТТЖ» – ұңғымаларды бұрғылау бойынша ҚОӘБ жобасымен бірге топтық техникалық жоба.

1.1.16. «ҰГЗ» - ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер.

1.1.17. «ГТЗ» – геологиялық-технологиялық зерттеулер.

1.1.18. «Жұмыстың басталу күні» – Тапсырыс беруші келесі Шарт талаптарын орындаған күн (екі жақты Жұмыстың басталуы туралы Акт арқылы ресімделеді):

1.1.18.1. Мердігерге Шарт Аумағын тапсырды;

1.1.18.2. Мердігерге барлық жобалық құжаттаманы және геологиялық-техникалық нарядты (ГТН) тапсырды.

1.1.19. «Ұңғыма ісі» – Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы №239 бұйрығымен бекітілген «Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидалардың» 225-тармағына сәйкес Шартқа №15 Қосымшада көрсетілген тізімге сәйкес ұңғыма бұрғылау процесінде жасалуға тиісті құжаттардың толық пакеті.

1.1.20. «Демобилизация» – Шарт бойынша Жұмыстар аяқталғаннан кейін Шарттың Келісімшарттық Аумағынан Мердігердің Қызметкерлерін, жабдықтарын, материалдары мен техникасын, Жұмыстар нәтижесі ретінде Тапсырыс берушіге берілмейтін заттарды шығару кезеңі.

1.1.21. «Шарт» – екі Тарап қол қойған, оған барлық қосымшалары, сондай-ақ оған жасалатын толықтырулар мен өзгерістер қосылатын осы құжат. Шарттың ажырамас бөлігі болып Тапсырыс берушінің Жобалық құжаттамасы мен Бұрғылау Бағдарламасы табылады.

1.1.22. «Жол» – осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға байланысты Мердігер пайдаланатын Шарт аумағында орналасқан жолдар.

1.1.23. «Күнделікті бұрғылау есебі» – Мердігер дайындайтын және Заңнамада көзделген күнделікті бұрғылау есебінің нысанын пайдалана отырып дайындалатын, келесілерді толық сипаттайтын күнделікті есептер:

1.1.23.1. Қоршаған ортаның кез келген ластану жағдайлары;

1.1.23.2. Пайдалану қауіпсіздігі жөніндегі барлық жиналыстар, өрт қауіпсіздігі жаттығулары, апаттық жаттығулар, бұрғылау ерітіндісінің деңгейін бақылау және ұңғыма басқару жаттығулары;

1.1.23.3. Қашаудың жай-күйі туралы есеп;

1.1.23.4. Атқыламаға қарсы жабдықтың сызбасын (әрі қарай – «АҚЖ»), ұңғыманы штуцер желісі мен бұқтыру желісінің орналасуын, ауытқулар дискілері немесе кестелерін қамтитын атқыламаға қарсы жабдықтың сынау туралы есеп;

1.1.23.5. Атқыламаны бұқтыру кезіндегі деректерді жазу формасы;

1.1.23.6. Деректерді жазу формасы, оған геологиялық-технологиялық бұрғылау параметрлері кіреді, мысалы: бұрғылау бағанының төменгі компоновкасы және барлық бұрғылау параметрлерін, соның ішінде ілмекке түсетін жүктемені, бұрғылау қашауына түсетін жүктемені, минутына айналым саны, сорғы қысымы, механикалық жүріс жылдамдығы, сорғы поршениының минутына жүріс саны және жуу сұйықтығының параметрлері;


1.1.23.7. Жұмыстардың орындалуына қатысты, соның ішінде Шартта қарастырылған барлық басқа жазбалар мен деректер.

1.1.24. «Заңнама» – Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілері, нормативтік техникалық құжаттары, Қазақстан Республикасының аумақтық және жергілікті органдарының актілері, Жұмыстарға немесе Шарт Аумағына қолданылатын, Қазақстан Республикасында қолданылатын халықаралық конвенциялар, келісімдер және басқа да халықаралық құқықтық актілер.

1.1.25. «Жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесі» – Жұмыстарды және Жұмыстардың жекелеген Кезеңдерін орындау мерзімдерін көрсете отырып, Жұмыстарды орындау кестесі (Шартқа №16 Қосымша).

1.1.26. «Мобилизация» – Жұмыстардың басталуы үшін Мердігердің Қызметкерлерін, Мердігердің Жабдықтарын және Мердігер ұсынатын материалдарды Мердігердің Базасынан Бұрғылау Алаңына, Бұрғылау Лагеріне және Тапсырыс беруші көрсеткен Шарт Аумағындағы басқа орындарға дайындауды және тасымалдауды қамтитын Жұмыс Кезеңі.

1.1.27. «Мердігердің жабдығы» – Бұрғылау Қондырғылары, сынау жабдықтары, басқа да жабдықтар, сондай-ақ осы Шартта





көрсетілмеген, бірақ Жұмысты сапалы және уақтылы орындау үшін қажетті жабдықтар, Мердігерге де, оның Қосалқы мердігерлеріне де тиесілі.

1.1.28. «Сағалық жабдық» - бағана бастиектері және атқымалық арматурасы (ББ және АА).

1.1.29. «Асқынулар» –қазылып өткен жыныстардың тау-геологиялық жағдайына байланысты ұңғыма бұрғылау технологиялық процесінің үздіксіздігінің бұзылуы.

1.1.30. «Мердігердің Қызметкерлері – Мердігер мен/немесе Қосалқы мердігерлердің жұмыскерлері, сондай-ақ Мердігер мен Қосалқы мердігерлер Жұмысты орындауға тартқан басқа да жеке тұлғалар.

1.1.31. «Жұмыс ұйымдастыру жоспары» – ұңғыма бұрғылау кезінде технологиялық операцияларды орындау жоспары, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қорғау және қоршаған ортаны қорғау шараларын қамтиды.

1.1.32. «Кіреберіс жолдар» – бұрғылау алаңынан Жобалық жолға дейінгі жолдар.

1.1.33. «Ұңғыманың жоғалуы» – ұңғыманы әрі қарай бұрғылау және пайдалану мүмкін болмайтын оқиға немесе әрекет.

1.1.34. «Тапсырыс берушінің өкілі» – Тапсырыс беруші тағайындаған тұлға, ол Жұмыстарды жүргізу орнында болып, Тапсырыс берушіні ұсынатын, Жұмыстардың орындалу сапасын бақылайды, Тапсырыс берушінің атынан жазбаша ұсыныстар немесе нұсқаулар береді, Жұмыстарды жүргізудің жедел мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды, есептер мен актілерге (Орындалған жұмыстар актілерінен басқа) қол қояды, Мердігердің хабарламалары мен сұрауларын қабылдайды.

1.1.35. «Мердігердің өкілі» – Мердігер тағайындаған тұлға, ол Жұмыстарды жүргізу орнында болып, Мердігерді ұсынатын, Мердігердің атынан Жұмыстарды жүргізудің жедел мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды, есептер мен актілерге (Орындалған жұмыстар актілерінен басқа) қол қояды, Тапсырыс берушінің хабарламалары мен сұрауларын қабылдайды.

1.1.36. «Бұрғылау бағдарламасы» – Мердігер әзірлейтін, Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге берілетін, әрбір ұңғыма бойынша Жұмыстарды жүргізу жөніндегі толық нұсқаулық. Ол Жобалық құжаттаманың техникалық-технологиялық шешімдері негізінде жасалып, Жұмыстарды орындау мерзімдері мен реттілігін, ұңғыма өлшемдерін, ұңғыманы бекітуге қойылатын талаптарды, бұрғылау сұйықтығына және Жұмыстарды орындауға қатысты басқа да нұсқауларды қамтиды. Бұрғылау бағдарламасы Жобалық құжаттамамен қатар негізгі құжат болып табылады.

1.1.37. «Жобалық құжаттама» – ұңғымаларды бұрғылауға арналған Топтық техникалық жоба ҚОӘБ жобасымен, Геологиялық-Техникалық Нарядпен (ГТН) немесе Тапсырыс беруші әзірлеген, уәкілетті органдарда белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген және Тапсырыс беруші Мердігерге ұңғыма бойынша жұмыстар басталар алдында алдын ала беретін өзге де құжаттама. Осы Шарт жасалған кезде барлық жобалық құжаттама Тапсырыс беруші тарапынан Мердігерге акт бойынша беріледі. Шарттың қолданылу кезеңінде Жобалаушы мен Мердігермен келісілген ГТК хаттамаларының Жобалау құжаттамасындай күшке ие болады.

1.1.38. «Жобалаушы» – ұңғымаларын бұрғылауға ТТЖ әзірлеген ұйым.

1.1.39. «Жұмыстар» – осы Шарт бойынша Мердігер орындауға міндетті Шарт талаптарында, Бұрғылау Бағдарламасында және Жобалық құжаттамадағы техникалық-технологиялық шешімдерде көзделген кез келген қызметтер мен жұмыстар.

1.1.40. «Құрылыс жұмыстары» – Мердігердің осы Шартты орындауы үшін қажет барлық инженерлік, құрылыс-монтаждау және басқа да қосалқы Жұмыстар, соның ішінде Қосалқы объектілер, Бұрғылау Қондырғысының іргетасының құрылысын, Бұрғылау алаңдарын қоршауды және басқаларды қамтиды.

1.1.41. «Бұрғылау инженері» («Геологиялық қызмет») – осы Шарт пен Жұмыстардың талаптарының орындалуын бақылау және қамтамасыз ету үшін Тапсырыс беруші атынан әрекет етуге өкілетті, Жұмыстардың орындалуын бақылауды жүзеге асыратын Тапсырыс берушінің маманы.

1.1.42. «Шарттың аумағы» (Шарттың келісімшарттық аумағы) – Шарт бойынша Жұмыстар орындалатын аумақ.

1.1.43. «Жұмыс кезеңі» – Шартта белгіленген мерзімдерде орындалуы тиіс Жұмыстың түрі/бөлігі болып табылатын, уақыт аралығымен анықталған Жұмыстың түрі/бөлігі.

1.1.44. «Қосалқы Мердігер» - Ереже талаптарын сақтай отырып, Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігер тартқан заңды тұлға.

1.1.45. «Жүйелі бұзушылық» – Тараптың қатарынан үш реттен артық Шарттың талаптарын бұзуына жол беруі.

1.1.46. «Нөлдiк төгу» әдісі – кез келген операцияларды жүргізу кезінде агрессивті химиялық заттардың (бұрғылау ерітінділері, көмірсутектер, майлар, реагенттер және т.б.) жер бедеріне және жер үсті суларына толық шығарылуын болдырмау.

1.2. Түсіндіру және интерпретация.





1.2.1. Егер Шартта тікелей өзгеше көрсетілмесе, баптарға және қосымшаларға сілтемелер Шарттың баптары мен қосымшаларына сілтемелерді білдіреді. Шарттағы баптар мен қосымшалардың атаулары тек ыңғайлылық үшін келтірілген және Шарттың түсіндірілуіне әсер етпейді.

1.2.2. Шартта Тараптардың туындаған жағдайларға байланысты өзара қатынастарын реттеу тәртібін тікелей қарастыратын ережелер осындай жағдайларды реттеуші ретінде қабылданады және Шартта өзгеше тікелей көзделмесе, Шарттың басқа ережелерінен басым болады.

1.3. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда көрсетілген талаптар осы Шартты құрап, оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1.3.1. Шарттың №1 Қосымшасы – «Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі».

1.3.2. Шарттың №2 Қосымшасы – «Техникалық сипаттама».

1.3.3. Шарттың №3 Қосымшасы – «Жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін есептеу нысаны».

1.3.4. Шарттың №4 Қосымшасы – «Жұмыс бағдарламасы».

1.3.5. Шарттың №5 Қосымшасы – «Ұңғыманы бұрғылау жоспар-кестесі».

1.3.6. Шарттың №6 Қосымшасы – «Мердігерлік ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі талаптарды сақтау қағидалары».

1.3.7. Шарттың №7 Қосымшасы – «Қағидалармен танысу Актісі».

1.3.8. Шарттың №8 Қосымшасы – «Жылдамдықты шектеу белгіленген өндірістік жолдардың сызбасы».

1.3.9. Шарттың №9 Қосымшасы – «Жылдамдықты шектейтін жолдар сызбамен танысу Актісі».

1.3.10. Шарттың №10 Қосымшасы – «Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету (кепілдік) нысаны».

1.3.11. Шарттың №11 Қосымшасы – «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайы туралы есеп».

1.3.12. Шарттың №12 Қосымшасы – «Еңбек қатынастары саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар».

1.3.13. Шарттың №13 Қосымшасы – «Өтінім-өткізу нысаны».

1.3.14. Шарттың №14 Қосымшасы – «Бұрғылау бригадасының қызметкерлері».

1.3.15. Шарттың №15 Қосымшасы – «Ұңғымалар ісінің мазмұны».

1.3.16. Шарттың №16 Қосымшасы – «Ұңғыма бұрғылау жұмыстарының күнтізбелік кестесі».

1.3.17. Шарттың №17 Қосымшасы – «Мердігерлердің жұмысты орындау кезіндегі өзара қатынастары туралы ереже».

1.3.18. Шарттың №18 Қосымшасы – «Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу әдістемесі».

1.3.19. Шарттың №19 Қосымшасы – «Тапсырыс беруші мен Мердігер өкілдерінің арасындағы өзара қатынас регламенті».

1.3.20. Шарттың №20 Қосымшасы – «Ұңғыманы бұрғылау процесіндегі актілердің нысандары».

1.3.21. Шарттың №21 Қосымшасы – «ГТЗ мен ГК өкілдері мен бұрғылау Мердігері арасындағы өзара қатынас регламенті».

1.3.22. Шарттың №22 Қосымшасы – «ҮГЗ өкілдері мен бұрғылау Мердігері арасындағы өзара қатынас регламенті».

1.3.23. Шарттың №23 Қосымшасы – «Орындалған жұмыстар актісіне қоса берілетін қабылдау-тапсыру актілерінің нысандары».

1.3.24. Шарттың №24 Қосымшасы – «Жұмыстарды орындау кестесі».

1.3.25. Шарттың №25 Қосымшасы – «Бұрғылау қалдықтарын кәдеге жарату шарты».

1.3.26. Шарттың №26 Қосымшасы – «Аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету нысаны».

1.3.27. Шарттың №27 Қосымшасы – «Өнім берушінің Кодексі».

2. Шарттың мәні

2.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасымалдағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

2.2. Мердігер Айрақты кен орнындағы жобалық тереңдігі 2250 м (± 250 м) №108 пайдалану ұңғымасын және Барханная кен орнындағы жобалық тереңдігі 2700 м (± 250 м) №Б-6 пайдалану ұңғымасын «толық аяқталған» әдісімен бұрғылау жұмыстарын, осы Шарттың №2 Қосымшасының «Техникалық сипаттама» (бұдан әрі – ТС) ажырамас бөлігі болып табылатын көрсетілген, Тапсырыс берушінің Жобалық құжаттамасындағы техникалық-технологиялық шешімдерге, Бұрғылау Бағдарламаларына және осы Шарттың Қосымшаларында көрсетілген басқа да талаптарға сәйкес орындауға және Шартта белгіленген мерзімде Жұмыстардың нәтижелерін Тапсырыс берушіге тапсыруға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдап алуға және Шартта көзделген мерзімде олар үшін ақы төлеуге міндеттенеді. Жұмыстарды аяқтау немесе ұңғыманың қауіпсіз, сенімді және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін қажет болған жағдайда Жұмыстар қосымша көлемде орындалуы мүмкін және олар Мердігердің есебінен ««толық аяқталған» шарты бойынша жүзеге асырылады. Егер заңнамалық актілерде немесе Шартта өзгеше көзделмесе, Жұмыстар Мердігердің тәуекелімен орындалады.

2.3. Мердігер Жұмыстарды аяқтағаннан кейін ұңғыма Шарттың талаптарына және Шартта белгіленген өзінің негізгі мақсатына және Жобалау құжаттамасының техникалық-технологиялық шешімдеріне толық сәйкес келуге тиіс.

2.4. Жұмыстардың жалпы құнына Жұмыстардың құны, барлық ілеспе қызметтер, жұмыстар, тауарлар (оның ішінде Мердігердің ішкі ережелеріне немесе заңнамаға сәйкес Жұмыстарды орындау кезінде қажет, бірақ Шартта, оның қосымшаларында және осы Техникалық сипаттамада көрсетілмегендер), сактандыру төлемдері, Мердігердің қызметкерлерінің еңбегі, кез келген рұқсаттарды, визаларды, келісімдерді, рұқсатнамаларды алу үшін төлемдер, сондай-ақ Шарттың, оның қосымшаларының және осы Техникалық сипаттаманың талаптары мен шарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті әрекеттерді орындау, міндетті және міндетті емес (ҚҚС қоспағанда) бюджетке төленетін төлемдер, тиісінше және толық орындау үшін төлеуге, рәсімдеуге немесе енгізуге қажетті төлемдер кіреді, олар осы сатып алу нысанасы болып табылатын Жұмыстарды қамтиды.

3. Шарттың құны және төлеу шарттары

3.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

3.2. Осы Шарт бойынша Жұмыстардың жалпы құны барлық төлемдерді және заңнамамен көзделген басқа да төлемдерді, Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындау үшін қажетті өзге де төлемдерді қамтиды.

3.3. Жұмыстардың құны Мердігердің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты барлық шығындарын қамтиды.

3.4. Атап айтқанда, ұңғымаларды бұрғылау және бекіту жұмыстарын орындаудың құны мыналарды қамтиды:

3.4.1. Ұңғымаларды бұрғылау және бекіту кезінде пайдаланылатын барлық Мердігерлік жабдықтар мен материалдарды жалға алу құны;

3.4.2. Жұмыстарды орындау үшін Мердігер Қызметкерлерінің, Жабдықтарын және материалдарын тасымалдау шығындары;

3.4.3. Бұрғылау алаңының аумағын және жұмыстарды орындау кезінде бұзылған өзге де аумақты техникалық және биологиялық рекультивациялауға, өндіріс және тұтыну қалдықтарын, өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды әкетуге және кәдеге жаратуға арналған шығындар;

3.4.4. Мердігердің Бұрғылау Қондырғысын, өзге де жабдықтарын монтаждау және демонтаждау;

3.4.5. Шартта Жұмыстардың құнынан бөлек тікелей көзделмеген басқа да Жұмыстарды орындауға арналған шығындар.

3.5. Жұмыстардың жекелеген кезеңдерінің құны №5 Қосымшада көрсетілген. Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) күнгі мерзімде Мердігер Тапсырыс берушіге Шартқа №5 Қосымшаны ұсынуы керек.

3.6. Егер Тапсырыс берушінің талабы бойынша ұңғыма тереңдігі геологиялық себептерге байланысты жобалық тереңдіктен 250 (екі жүз елу) метрге дейін ұлғайса, Мердігер атқарылған жұмыс үшін қосымша төлем сұрамайды.

3.7. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

3.8. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

3.8.1. Алдын ала төлем - 15%, Аралық төлем - 80%, Соңғы төлем - 5%

3.9. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Мердігер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жүргізіледі. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, авансты қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды. Тапсырыс беруші жұмыстарды бастар алдында бір ұңғыманың құнының 15%-ы мөлшерінде аванстық төлем жасайды, ол [Бір ұңғымаға арналған аванс сомасы] ([Бір





ұңғымаға арналған аванс сомасы жазбаша түрде) [Валюта] құрайды, алдын ала төлемді (авансты) қайтаруға арналған банктік кепілдік (Шартқа №26 Қосымшадағы нысан бойынша) ұсынылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде.

3.9.1. Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда аванс төлемі (алдын ала төлем) келесі құжаттың (тардың) негізінде 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімге төленеді:

3.9.1.1. Төлем шоты.

3.10. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстар сомасынан 5% ұстап қалады, бұл сома Шарт бойынша барлық міндеттемелер толық орындалып, барлық кемшіліктер мен ақаулар жойылған жағдайда Мердігерге төленеді.

3.11. Төлем шарт бойынша кезең-кезеңімен жүзеге асырылады, атап айтқанда, Тапсырыс беруші Шарт пен Заңнамада көзделген айыппұл санкцияларын шегере отырып, Жұмыстарды орындау Күнтізбелік кестесіне сәйкес, Шарттың 6-бөліміне сәйкес дайындалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған Орындалған жұмыстар актілері негізінде орындалған әрбір Жұмыс кезеңі үшін төлем жүргізеді.

3.12. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

3.12.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;

3.12.2. Электрондық шот-фактуралар (ЭШФ) және Орындалған жұмыстардың актілері қағаз және электрондық тасымалдағышта. Р-1 нысанындағы шот-фактура мен Орындалған жұмыстар актісі есепті айдың соңғы күнінен кешіктірілмей екі данада ұсынылуы тиіс. Төлем шот-фактураға сәйкес Тапсырыс беруші бұрын төлеген аванстық соманың 50%-ын орындалған жұмыстардың құнынан ұстап қалу арқылы, аванстың толық өтелуіне дейін жүргізіледі;

3.12.3. Мерзімінен кеш Мердігердің Р-1 нысанындағы орындалған жұмыстар актісін, шот-фактураны және/немесе басқа құжаттарды ұсынбауы Тапсырыс берушіні жұмыстардың мерзімінен кеш төленуі үшін жауапкершіліктен босатады.

3.13. Кез келген шоттарды төлеу Тапсырыс берушінің тиісті шотты алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде оларды ресімдеудің дұрыстығын тексеру құқығын қозғамайды. Тапсырыс беруші Мердігерге осындай келіспеушіліктің себептерін көрсете отырып, Мердігердің қандай да бір баптарымен немесе шығындар бабымен келіспегені туралы жазбаша хабарлама жіберуге міндетті.

3.14. Комиссиялық алымдар, ақша қаражатын айырбастау алымдары және/немесе банктік шығындар мен қаражатты есепке алу бойынша басқа да төлемдерді әр Тарап өз бетімен көтереді.

3.15. Осы Шарт бойынша ақшалай есеп айырысулар осы Шартта көрсетілген деректемелер бойынша тиісті Тараптың банктік есеп айырысу шотына теңгемен ақшалай қаражатты банктік аудару жолымен жүзеге асырылады. Деректемелер өзгерген жағдайда Тарап бұл туралы екінші Тарапқа алдын ала ескертуге міндетті.

3.16. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

3.17. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін Мердігер 2 данада рәсімдейді, қол қояды және Тапсырыс берушіге береді: - Мердігер Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін; - немесе екі тарап Шартты бұзу туралы Келісімге қол қойғаннан кейін және айыппұл санкциялары туындаған жағдайда, оларды екі жақты қол қойған есептеуден кейін; - немесе Тапсырыс берушіден Шарттың біржақты тәртіппен тоқтатылғаны туралы Хабарлама алғаннан кейін және айыппұл санкциялары туындаған жағдайда, оларды екі жақты қол қойған есептеуден кейін; - Тараптардың талабы бойынша кез келген уақытта.


3.18. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

3.19. Нақты орындалған Жұмыстар үшін төлем бұдан бұрын төленген алдын ала төлемді есепке алумен орындалады.

3.20. Тапсырыс берушінің Мердігердің шотын төлеу жөніндегі міндеттемесі ақша қаражаты Тапсырыс берушінің банктік шотынан есептен шығарылған сәттен бастап орындалды деп есептеледі.

3.21. Төлемге негіз болатын барлық құжаттар қателіктермен дайындалған жағдайда, құжаттардың дұрыс нұскасын ұсыну туралы ресми өтінішпен Мердігерге қайтарылады. Бұл жағдайда құжатты алу күні құжаттың дұрыс нұскасы алынған күн болып есептеледі.

3.22. Шарттың 9-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, орындалатын жұмыстар үшін шарттың сомасы Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде өзгертуге жатпайды. Шарттың сомасы Мердігердің жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығыстарын қамтиды.





3.23. Мердігердің кінәсінен туындаған тоқтаулар Тапсырыс беруші тарапынан төленбейді.

3.24. Мердігердің нақты шығыстары Жұмыстардың құнын айқындау кезінде ескерілгеннен аз болған жағдайларда, егер Тапсырыс беруші Мердігер алған үнемдеу орындалған жұмыстың сапасына теріс әсер еткенін дәлелдей алмаса, Мердігер Шартта көзделген баға бойынша жұмыстарға ақы төлеу құқығын сақтайды.

4. Жұмыстарды орындау мерзімі және шарттары

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, көлемі және орны осы Шарттың № 1, № 2-қосымшаларында белгіленеді.

4.2. Жұмыстардың көлемі мен сапасына сәйкес қабылдануы Тапсырыс беруші тарапынан Аяқталған жұмыстардың актісі негізінде жүзеге асырылады, бұл Шарттың №1 Қосымшасына сәйкес жүргізіледі. Жұмыстардың орындалған күні Тапсырыс берушінің соңғы Аяқталған жұмыстар актісіне қол қойған күні болып есептеледі.

4.3. Айрақты кен орнында жобалық тереңдігі 2250 м (± 250 м) №108 пайдалану ұңғымасын «толық аяқталған» әдісімен бұрғылау мобилизацияны есепке алмай, монтаждау, ДҚЖ, демонтаждау, ұңғымалар арасындағы көшуді қоса алғанда, 75 (жетпіс бес) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

4.4. Барханныя кен орнында жобалық тереңдігі 2700 м (± 250 м) болатын №Б-6 пайдалану ұңғымасын «толық аяқталған» әдісімен бұрғылау демобилизацияны есепке алмай, монтаждау, ДҚЖ, демонтаждау жұмыстарын қоса алғанда, 68 (алпыс сегіз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

4.5. «Толық аяқталған» әдісімен ұңғыманы бұрғылау Тапсырыс берушінің жазбаша өтінімі берілгеннен кейін, жоғарыда көрсетілген мерзімдер ішінде, ұңғымалар арасындағы көшу, дайындық жұмыстары ескеріліп, бірақ кен орнына мобилизациялау және кен орнынан демобилизациялауды есептемей жүзеге асырылуы тиіс.

4.6. Жұмыстарды орындау мерзімдері осы Шартқа қоса берілген №5 және №16 Қосымшаларында «Жұмыстарды орындау кестесі» қарастырылған.

4.7. Жұмыстардың көлеміне, сапасына және орындалу мерзімдеріне қойылатын барлық талаптар осы Шартта, Жобалық құжаттаманың техникалық-технологиялық шешімдерінде, Бұрғылау бағдарламаларында және ҚР заңнамасында белгіленген.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Мердігер міндеттенеді:

5.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

5.1.2. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанындағы Шарт аясында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елшілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

5.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшіліктерді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

5.1.4. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Жұмыстарды орындауға;


5.1.5. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

5.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

5.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

5.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

5.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;





5.1.10. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайларды және Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде шарт бойынша аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейін қолданылу мерзімімен авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түрінде енгізуге; Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі.

5.1.11. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түріндегі шарттың жалпы құнынан % 3.00 мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге; Бұл міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

5.1.12. Банктік кепілдеме Шартқа №10 Қосымшада белгіленген нысан бойынша ұсынылуы тиіс, ал егер Шарттың орындалуын қамтамасыз ету Тапсырыс берушінің есепшотына төлем тапсырмасы түрінде енгізілсе, ол келесі деректемелерге жіберіледі: KZ486010111000217527 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Астана қ., БИК HSBKZKX, БИН 050 840 002 757.

5.1.13. Осы банк кепілдіктердің қолданылу мерзімі Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін болуы тиіс.

5.1.14. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге;

5.1.15. Мердігер және (немесе) қосалқы мердігер жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өзінің қызметінің және (немесе) мамандарының болуына;

5.1.16. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізуге;

5.1.17. Өз жұмыскерлерін Жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және жұмысқа қажетті құралдармен қамтамасыз етуге;

5.1.18. Мердігер және оның қосалқы мердігерлерінің Қазақстан Республикасы азаматтары мен шетел азаматтары болып табылатын жұмыскерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу.

5.1.19. Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге жұмыстар бағдарламасын (Шарттың №4 Қосымшасы) және ұңғымаларды бұрғылау жоспарын (Шарттың №5 Қосымшасы) ұсыну.

5.1.20. Міндеттемелерді орындау барысында, соның ішінде «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС мердігер ұйымдары үшін бекітілген қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі талаптарды сақтау қағидаларын басшылыққа алу керек, олар Тапсырыс берушінің 2024 жылғы 16 шілдедегі №70 бұйрығымен бекітілген (Шартқа №6 Қосымша), және Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қағидалармен танысу туралы Актіге қол қою қажет (Шартқа №7 Қосымша).


5.1.21. Серіктестіктің келісімшарт аумағында автокөлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылғы 4 қаңтарда бекітілген жылдамдық режимінің шектеулері көрсетілген ішкі өндірістік жолдардың Сызбасын басшылыққа алу керек (Шартқа №8 Қосымша), және Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Сызбамен танысу туралы Актіге қол қою қажет (Шартқа №9 Қосымша).

5.1.22. Есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) күніне дейінгі мерзімде Шарттың №11 Қосымшасына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайы туралы мәліметтер ұсыну.

5.1.23. Шарттың №12 Қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтау.


5.1.24. Жұмыстарды бастамас бұрын «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС мекенжайына Шарттың №13 Қосымшасына сәйкес рұқсатнама өтінімін ілеспе хатпен ұсыну қажет.

5.1.25. Мердігер жұмысты аяқтағаннан кейін Тапсырыс берушіге №2 нысанға сәйкес (Шарттың №20 Қосымшасы) ұңғыма ісін тапсыру актісін беруі тиіс.





- 5.1.26. Мердігер есепті айдан кейінгі айдың 5-іне дейін кен орнынан өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру туралы есепті №6 нысанға сәйкес (Шарттың №20 Қосымшасы) Тапсырыс берушіге ұсынуы тиіс.
- 5.1.27. Осы Шартқа №27 Қосымшаға сәйкес Өнім берушінің Кодексін сақтау.
- 5.1.28. Шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша орындалған Жұмыстарды орындалған жұмыстар Актісі арқылы тапсыру және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық нысанда (ЭШФ) шот-фактура жазып беру.
- 5.1.29. Мердігер жұмыстарды тиісті түрде, сапалы орындауға және оларды Шартта көзделген мерзімдерде Тапсырыс берушіге аралық және/немесе толық тапсыру үшін көрсетуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге жұмыстардың орындалу барысы туралы үнемі хабардар етуге, жұмыстарға тиісті басшылықты және жұмыстардың сапасы мен технологиялық реттілігінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.
- 5.1.30. Жұмыстарды ұңғымада бастамас бұрын Мердігер өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шараларды қамтитын Жұмыс жоспарын әзірлеп, оны уәкілетті мемлекеттік органдармен келісуге, содан кейін келісілген Жұмыс жоспарын Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті.
- 5.1.31. Мердігер Шарт аумағында қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.
- 5.1.32. Мердігер анықталған ақаулар мен өзге де кемшіліктерді (екі жақты актімен белгіленген, онда анықталған кемшіліктер, оларды жою мерзімдері мен тәртібі көрсетіледі) Шартта көзделген мерзімдерді ұлғайтпай және өз есебінен дер кезінде жоюға міндетті, оның ішінде, бірақ шектелмей:
- 5.1.32.1. Ұңғыма оқпанының тігінен 3 градустан астам қисаюы жартылай шеңбердің көлденеңіне 25 метрден астам ығысуы;
 - 5.1.32.2. Пайдалану шегендеу бағаналарын түсіргеннен кейін ұңғыма сағасында герметикалығының бұзылуы;
 - 5.1.32.3. Ұңғымаларды пайдаланудың қалыпты режиміне кедергі келтіретін кондуктордың, техникалық, пайдалану шегендеу бағаналарының цементтеудің сапасыздығы (техникалық сипаттамада айқындалған);
 - 5.1.32.4. Ұңғымаларды пайдаланудың қалыпты режиміне кедергі келтіретін бағанааралық ағымдар және шегендеу бағаналарында герметикалығының бұзылуы болуы және тағыда басқа да ақаулар.
- 5.1.33. Мердігер Жұмыстарды тиісті деңгейде орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті маусымдық іс-шараларды өз есебінен жүзеге асыруға міндетті.
- 5.1.34. Мердігер жұмыстар орындалатын Бұрғылау Алаңын, бұрғылау алаңына дейінгі жолдардың кірме учаскелерін және жұмыстар өндірісінің өзге де аумағын Тапсырыс беруші үшін қанағаттанарлық түрде тиісті тазалықта ұстауға, өндіріс және тұтыну қалдықтарын, өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды Бұрғылау Алаңынан және Жұмыстар өндірісінің өзге де аумағынан әкетуді жүзеге асыруға міндетті. Жолдарды бейндеу (тегістеу) және тазалау аптасына кемінде 1 (бір) рет жүргізіледі.
- 5.1.35. Мердігер Тапсырыс берушінің өкілін бұрғылау алаңында дереу (табылған сәттен бастап бір сағат ішінде) хабардар етуге және одан нұсқаулар алғанға дейін табылған кезде жұмысты тоқтата тұруға міндетті:
- 5.1.35.1. Тапсырыс беруші ұсынған техникалық, геологиялық материалдардың, Жобалық құжаттаманың жарамсыздығы немесе сапасыздығы;
 - 5.1.35.2. Жұмыстарды орындау тәсілі туралы оның нұсқауларын орындаудың Тапсырыс беруші үшін ықтимал қолайсыз салдары;
 - 5.1.35.3. Мердігерге байланысты емес басқа да жағдайлар, орындалған Жұмыстың жарамдылығы мен беріктігіне қауіп төндіретін немесе оны уақтылы аяқтауды мүмкін етпейтін;
 - 5.1.35.4. Бұрғылау бағдарламасында және өзге де жобалық құжаттамада көзделген жұмыс жағдайларынан (атқылаулар, ГМСА, ұстап қалуы, аспаптарды тоқтату), ұңғыманың және ұңғымалық жабдықтың ақауларынан, авариялардан, инциденттерден, өрттерден және жазатайым оқиғалардан асқынулар, ауытқулар.
- 5.1.36. Мердігер, егер мұндай нұсқаулар Шарттың талаптарына қайшы келмесе және Мердігердің жедел – шаруашылық қызметіне араласуды білдірмесе, жұмыстарды орындау барысында алынған Тапсырыс берушінің жазбаша (ал шұғыл жағдайларда - сондай-ақ ауызша, журналда міндетті түрде тіркеле отырып) нұсқауларын орындауға міндетті.
- 5.1.37. Мердігер жұмыстарды орындауға байланысты, Мердігер Қызметкерлерінің, Тапсырыс берушінің, мемлекеттік бақылаушы органдардың және жұмыстарды орындау процесіне қатысы бар және жұмыстарды орындау аумағында болатын немесе болуы мүмкін басқа да адамдардың пайдалану немесе қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет болуы мүмкін барлық Уақытша құрылыстарды (жолдарды, жаяу жүргіншілер жолдарын, белгілерді, қоршаулар мен қоршауларды қоса алғанда) қамтамасыз етуге және орнатуға жауапты болуға міндетті.





5.1.38. Жекелеген Жұмыс түрлерін орындау үшін Мердігер қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Мердігер осы Шарт бойынша Жұмыстарды өзінің қосалқы мердігерлерімен тиісінше орындағаны үшін Тапсырыс берушінің алдында жауапты. Мердігер қосалқы мердігерлердің осы Шарт талаптарын сақтағаны және қосалқы мердігерлер орындаған Жұмыстар үшін, сондай-ақ өзінің қосалқы мердігерлерінің әрекеттері мен жіберген қателіктері үшін сол дәрежеде жауапты, егер олар Мердігердің өз әрекеттері мен қателіктері сияқты болса. Мердігер тартылған қосалқы мердігерлердің барлық қажетті лицензиялары, рұқсаттары, куәліктері және сертификаттары болуын қамтамасыз етеді.

5.1.39. Мердігер керндік және шламдық материалды (әкету, тиеу және түсіру) Ақтау қаласындағы керн сақтау орнына тасымалдауды өз есебінен қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер керндік материалдың бастапқы қасиеттерін сақтау үшін оны тиісті ыдысқа орауды қамтамасыз етуі керек. Орау тәсілі мен түрі Тапсырыс берушімен келісілген болуы тиіс.

5.1.40. Мердігер Тапсырыс берушінің өкіліне күнделікті бұрғылау есептерін, жұмыс жоспарларын және Жұмыстарды орындау кезінде ресімделетін басқа да құжаттарды визалау үшін ұсынуға міндетті. Тапсырыс берушінің өкілі алынған сәттен бастап 2 (екі) күнтізбелік күннен кешіктірмей, қол қойылған құжаттарды Мердігерге мүмкіндігінше тез қайтаруға міндетті.

5.1.41. Мердігер Жұмыстар аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге №2 нысанға сәйкес ұңғыма ісін беру туралы Акті (Шарттың №20 Қосымшасы) тапсыруға міндетті.

5.1.42. Мердігер Тапсырыс берушінің өкілдеріне Шарт аумағында Жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын барлық өндірістік және тұрмыстық объектілерге еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің өкілдерінен жазбаша сұрау түскеннен кейін 1 тәулік ішінде Жұмыстардың орындалу барысы туралы барлық ақпаратты ұсынуға міндетті. Тапсырыс берушінің өкілдерінің негізделген талабы бойынша Жұмыстарды тоқтатуға және/немесе жұмыс процедураларына өзгерістер енгізуге немесе қызметкерлердің және/немесе қоршаған ортаның қауіпсіздігіне, осы Шарт талаптарының тиісті орындалуына қатер төнген жағдайда ақаулы жабдықты және/немесе материалдарды ауыстыруды талап етуге міндетті.

5.1.43. Мердігер Тапсырыс берушіге Шартқа қол қойылған сәтте оның жеткілікті білімі, технологиясы мен тәжірибесі бар екенін, Шарт бойынша жұмыстарды толық, сапалы және уақтылы орындау үшін қажетті шамада жабдыктары, материалдары және жоғары білікті қызметкерлері бар екенін және ықтимал оқиғалар (ұңғыманың жоғалуы, апаттар, соның ішінде техногендік сипаттағы асқынулар) бойынша тәуекелдерді барынша азайтатынын мәлімдейді және кепілдік береді. Заңнаманың талаптарына сәйкес жұмыстарды орындау құқығына қажетті рұқсаттары, сертификаттары және лицензиялары бар.

5.1.44. Мердігер Жұмыстарды жүргізудің құқықтық негіздері туралы, Жұмыстарды орындау құралдары мен тәсілдері туралы, осы Шартты жасасу сәтінде Шарт Аумағында бар әлеуметтік, экологиялық, физикалық және климаттық жағдайлар туралы білетіндігін растайды.

5.1.45. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін Заңнамаға сәйкес қажетті барлық рұқсаттар мен келісімдерді уақтылы алу үшін өзіне байланысты барлық шараларды қабылдауға кепілдік береді. Мердігер осы Шарт жасалған сәтте осы Шартқа сәйкес Жұмыстарды орындауға үшінші тараптардың немесе мемлекеттік органдардың қандай да бір тыйымдары немесе шектеулері жоқ құқыққа ие екенін мәлімдейді.

5.1.46. Мердігер осы Шарт жасалған сәтте Шарттың Аумағына қолданыстағы кіреберіс жолдардың болуымен қанағаттанатынын мәлімдейді. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер өзіне байланысты шараларды қабылдай отырып, Мердігердің жабдыктары, көлік құралдары немесе Мердігердің Қызметкерлері жолдарға зақым келтірмеуін қамтамасыз етеді.

5.1.47. Егер осы Шартта өзгеше көздемесе:


5.1.47.1. Мердігер Жұмыстарды орындау үшін пайдаланылатын бұрғылау алаңына кіреберіс жол учаскелерін тиісті күйде ұстайды;

5.1.47.2. Мердігер Бұрғылау алаңына кіреберіс жол учаскесінде өзі және/немесе Тапсырыс беруші үшін қажетті барлық бағыттаушы көрсеткіштерді жол бойына орнатуы тиіс.

5.1.48. Шартты дайындау және жасасу барысында Тапсырыс беруші Мердігерге Шарт Аумағындағы геологиялық және гидрологиялық жағдайлар туралы, оның ішінде жер қойнауы мен қоршаған ортаның жағдайы туралы Тапсырыс берушіде бар барлық деректерді ұсынады. Мердігер Тапсырыс берушіден аталған ақпаратты алғаннан кейін, барлық алынған деректерді адал, мұқият және жоғары кәсіби деңгейде зерттейтінін мәлімдейді және кепілдік береді.

5.1.49. Мердігер осы Шартта көзделген жұмыстар көлемі шегінде жұмыстардың есептеулері мен белгіленген құнымен келіседі.

5.1.50. Белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасы бар құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу туралы шартта монтаждауға, салынып жатқан объектіні жарактандыруға және (немесе) жобалау құжаттамасына сәйкес құрылыс кезінде тұтынуға жататын тауарларды Мердігер/қосалқы мердігер сатып алуы тиіс. Сатып алынатын тауар өндірушілерден және коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан, веб-порталда ұсынылған сатып алу. Тендер жеңімпазы (өнім беруші/қосалқы мердігер) коммерциялық ұсыныстарды тендер қорытындылары бойынша Тапсырыс берушімен сатып алу туралы шарт жасасқан күнге дейінгі мерзімде тауардың бағасы мен сипаттамаларының жобалау құжаттамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Тауардың бағасы мен сипаттамалары





жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, тендер жеңімпазы (өнім беруші/қосалқы мердігер) сатып алынатын тауардың тауар өндірушісімен және/немесе тендер қорытындыларын шығару күніне ең төмен баға берген, сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйыммен шарт жасасуға тиіс. Бұл ретте тендердің қорытындылары шығарылғаннан кейін коммерциялық ұсыныстар берілген жағдайда, коммерциялық ұсыныс берілген кезде ұсынылатын тауарларды беруге арналған шарттың болуы, сондай-ақ тауардың бағасы мен сипаттамалары жобалау құжаттамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайды қоспағанда, тендер жеңімпазы (өнім беруші/қосалқы мердігер) осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылмайды. Осы тармақтың нормасы орындалмаған жағдайда, жұмыстарды беруші сатып алу туралы шарттың жалпы құнының кемінде 5% - ы мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттеменің орындалмағаны үшін жауапты болады, оны жұмыстарды беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін. Мердігер/қосалқы мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемені орындауын растау өнім берушінің/қосалқы мердігердің Тараптар тиісті (түпкілікті) сатып алынатын тауарларды өндірушіден/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан (ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың), тауарларды қабылдау-беру актілерінің көшірмелерін растайтын актіге қол қойған күнге дейін ұсынуы болып табылады.

5.1.51. Мердігер тауар-материалдық құндылықтардың (ТМҚ) құны туралы анықтаманы, Тапсырыс берушіге берілетін материалдардың (шегендеу құбырлардың) құнын ұсынған кезде, Тапсырыс берушінің талабы бойынша аталған жабдықты сатып алу бойынша шот-фактуралар мен жүкқұжаттардың көшірмелерін қоса беруі тиіс.

5.1.52. АА (атқымалық арматураны) монтаждау алдында Мердігер сынақ актісін жасай отырып, Тапсырыс беруші өкілінің қатысуымен тиісті лицензиясы бар ұйымдағы мамандандырылған стендте паспортта көзделген сынамалық қысымға тексеру және қысым сынағын жүргізуге тиіс.

5.1.53. Жұмыстарды Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және экология, өрт қауіпсіздігі және Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері туралы заңнамасына сәйкес орындау.

5.1.54. Мердігер қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамамен белгіленген нысандарға сәйкес есепті тоқсаннан кейінгі айдың 2-ші күніне дейін тоқсандық есептілікті, соның ішінде нақты эмиссиялардың есептеулерін дайындап, Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті.

5.1.55. Шарт шеңберінде Мердігер жүзеге асыратын көзделген қызметтен қоршаған ортаға шығарындылар үшін Тапсырыс беруші төлеген шығындарды өтеу.

5.1.56. Мердігер жұмыс жүргізілетін учаскеде тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етеді, оның ішінде: қалдық материалдардан, өндіріс қалдықтарынан және тұрмыстық қалдықтардан аумақты тазалау, жерді рекультивациялау. Бұрғылау жұмыстары аяқталғаннан кейін Мердігер жұмыс жүргізілген учаскені тазалап, пайда болған қалдықтарды өз қаражаты есебінен жоюы керек және бұл туралы растайтын құжаттарды Тапсырыс берушіге ұсынуы қажет.

5.1.57. Шарттық аумақтан тыс жерлерде бұрғылау қалдықтарын кәдеге жарату/қайта өңдеуді қамтамасыз ету үшін осы қызметтерге тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар үшінші тарап ұйымын тартып, осы Шартқа №25 Қосымшаға сәйкес үш жақты шарт жасасу, сондай-ақ бұрғылау қалдықтарын үшінші тарап ұйымымен кәдеге жарату/қайта өңдеу туралы растайтын құжаттарды апта сайын Тапсырыс берушіге ұсыну. Бұрғылау қалдықтарын кәдеге жарату/қайта өңдеу Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің және басқа да нормативтік актілерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

5.1.58. Мердігер әсер етуге арналған экологиялық рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттарын сақтауға міндетті.

5.1.59. Мердігер қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес табиғатты қорғау шараларын сақтауға және жүзеге асыруға міндетті.

5.1.60. Мердігер жұмыстарды орындау объектісінде өндірістік экологиялық бақылауды сақтауға және жүзеге асыруға міндетті.

5.1.61. Мердігер Тапсырыс берушінің Өкілдеріне осы Шарт бойынша орындалатын барлық Жұмыстарды, пайдаланылатын жабдықтар мен материалдарды тексеру үшін кедергісіз қол жеткізуді кез келген уақытта қамтамасыз етуге, оларға Мердігердің қатысуымен және бақылауымен Жұмыстардың осы Шарт талаптарына сәйкестігін растау үшін қажетті барлық өлшеулер мен сынақтарды жүргізуге рұқсат етуге міндетті. Мердігер Тапсырыс берушінің Өкілімен өзара әрекеттесу үшін Мердігердің Өкілінің тиісті Бұрғылау алаңында тұрақты болуын қамтамасыз етуге міндетті.

5.1.62. Мердігер сатып алу туралы Шартқа қол қою сәтінде басқа жобаларда қолданылмаған және жұмысқа дайын, Топтық техникалық жобаға сәйкес ұңғымаларды бұрғылауға арналған сертификатталған жабдыққа ие болуы керек: арнайы техника, бұрғылау қондырғысы, олардың болуы мемлекеттік (қазақ) немесе орыс тілдерінде жабдықтар мен техниканың тізімімен расталуы қажет, бұл ретте станок пен арнайы техниканың тіркеу нөмірлері міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Егер бұрғылау қондырғысы мен арнайы техника Шарт жасалғаннан кейін бірінші күн ішінде немесе Тапсырыс берушімен жасалған басқа Шарттар бойынша міндеттемелерден бос емес болса, Тапсырыс беруші қол қойылған Шартты осы Шарт пен Заңнама талаптарына сәйкес бұзуға құқылы.

5.1.63. Баға кестесінде көрсетілген баға Шартта және оның қосымшаларында қамтылған барлық талаптар мен шарттарға сәйкес болуы тиіс. Сонымен бірге ұсынылатын Жұмыстар Шартта және оның қосымшаларында қамтылған барлық талаптар мен Жұмыстарға сәйкес болуы немесе олардан асып түсуі тиіс.





5.1.64. Шешім-рұқсат алу үшін Мердігер осы Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Мердігердің барлық Шарт талаптарына сәйкестігін растайтын, Техникалық сипаттама мен Техникалық жоба талаптарына сәйкес келетін барлық растайтын құжаттарды тапсыруы тиіс, және Тапсырыс берушіге Мердігердің өндірістік базасына тексеру жүргізу үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету құқығын беруі тиіс. Мердігер құжаттарды тапсырмаған жағдайда немесе Тапсырыс берушінің тексеру нәтижелері бойынша Мердігердің сәйкестігі расталмаған жағдайда, сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Мердігерге Шешім-рұқсат берілмейді. Бұл ретте Мердігер Шарттың 8.2.2 және 8.2.4 тармақтарына сәйкес Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін жауапты болады.

5.1.65. Қызметкерлердің, соның ішінде инженерлік-техникалық жұмысшылардың (тендерлік өтінімде көрсетілген қызметкерлер тізіміне сәйкес) қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі бойынша білімін тексеру туралы растайтын құжаттарды және олардың жұмыстарды/қызметтерді жүргізуге рұқсат беру куәліктерінің бар екенін ұсыну (хаттамалардың көшірмелерін қоса беру).

5.1.66. Шарт аясында жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсыну.

5.1.67. Өз қызметкерлеріне Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің немесе мүлік иесінің рұқсатынсыз Тапсырыс берушінің жұмыс аймағынан қамтамасыз ету құралдарын, аспаптар немесе басқа мүлікті, сондай-ақ басқа тұлғалардың жеке меншігін алып шығуға тыйым салуға міндеттенеді.

5.1.68. Тапсырыс берушіге пайдалану ұңғымаларын бұрғылау кезінде пайдаланылатын барлық жабдықтарға арналған сипаттамаларын және төлқұжаттарды мемлекеттік немесе орыс тілінде ұсынады. Құжаттардың қазақ немесе орыс тіліне аудармалары нотариалды куәландырылуы тиіс. Аударма түсінікті болуы және техникалық нормативтік-құқықтық актілерде қабылданған терминологияға сәйкес келуі керек. Мердігер сондай-ақ технологиялық операциялар, түйіндер және агрегаттарға арналған сипаттамалар мен нұсқауларды тек мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынуға міндетті.

5.1.69. Өз есебінен жеткізуді, кедендік тазартуды, сақтауды және ұңғыма басына шегендеу құбырларды, шегендеу бағаналарын жабдықтау және басқа да қажетті жабдықтарды жеткізуді жүзеге асырады, содан кейін Тапсырыс берушіге паспорттар/сертификаттар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті басқа да құжаттармен бірге мемлекеттік немесе орыс тілдерінде немесе басқа тілден нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге тапсырады. Барлық аталған материалдарға Қазақстан Республикасында қолдануға уәкілетті органның рұқсаты болуы тиіс.

5.1.70. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер өз қызметкерлерін, сондай-ақ жұмысты орындауды тұрақты бақылауды жүзеге асыратын Тапсырыс берушінің 2 қызметкерін үш мезгілдік тамақпен, түнгі супервайзер үшін түнгі тамақпен, кофе-брейк үшін өнімдермен, ауыз сумен, санитарлық-гигиеналық қажеттіліктерге арналған сумен, душтары, дәретханасы және ағынды суларды шығару жүйесі бар тұрғын үймен, спутниктік антеннасы бар теледидармен, қалааралық телефон байланысымен, интернеті бар дербес компьютермен, әр вагон секциясына арналған жылыту және салқындату жүйесімен, төсек орындарымен және олардың апта сайынғы ауыстырылуымен қамтамасыз етеді. Мердігер сонымен қатар, жұмыстардың орындалуын мерзімді тексеретін немесе технологиялық операцияларды жүргізетін Тапсырыс берушінің 6 қызметкеріне (тұрақты қатысатын 2 қызметкерден басқа) жоғарыда аталған барлық қажеттіліктерді қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Мердігер Астана қаласында жұмыстың барысын жедел бақылау үшін координаторды да қамтамасыз етуі тиіс.

5.2. Мердігердің:

5.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

5.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уактылы қабылдауды және орындалған жұмыстардың актісіне (леріне) қол қоюды талап етуге;

5.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

5.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;


5.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

5.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

5.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

5.2.8. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уактылы қайтаруды талап етуге;

5.2.9. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уактылы қайтаруды талап етуге құқылы.





5.3. Тапсырыс беруші:

5.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

5.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

5.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

5.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

5.3.5. Мердігерге Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуге;

5.3.6. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

5.3.7. Шартта көзделген мерзімде Мердігерге қажетті келісулер мен бекітулерден өткен барлық Жобалық құжаттаманы (соның ішінде, қосымшалары бар Техникалық Жобаның көшірмесін, геологиялық-техникалық нарядты (ГТН)) және Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге қажетті басқа да Тапсырыс берушіде бар ақпаратты ұсыну.

5.3.8. Мердігерге берілген Жобалық құжаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, өзгертілген құжаттаманы сол өзгертілген құжаттама бойынша Жұмыстарды бастамас бұрын Мердігерге тапсыру. Егер Мердігер немесе Тапсырыс беруші Жобалық құжаттамада кателер немесе нормативтік құжаттарға сәйкессіздіктер тапса, қате немесе сәйкессіздік тапқан Тарап бұл туралы екінші Тарапқа дереу хабарлайды.

5.3.9. Мердігердің тиісінше орындаған Жұмыстарын Шартқа сәйкес қабылдап, төлем жүргізу.

5.3.10. Әрбір Жұмыс Кезеңі аяқталғаннан кейін ескертулер болмаған жағдайда, тиісті Жұмыс Кезеңін қабылдау, ал Жұмыстар толық аяқталғаннан кейін ескертулер болмаған жағдайда, Жұмыстардың Нәтижелерін қабылдап, тиісті Жұмыстарды, Ұңғымаларды, Шарт аумағын қабылдау-тапсыру Актілеріне қол қою.

5.3.11. Бұрғылау Алаңын, ұңғыманы бұрғылау, Бұрғылау Лагерін және Қосалқы объектілерді салу орындарын көрсету.

5.3.12. Мердігердің Шарт аумағына кіруі және Бұрғылау Алаңында Жұмыстар жүргізуі үшін келесі рұқсаттарды ұсыну: әрбір жұмысшыға рұқсатнама, әрбір көлік құралына рұқсатнама, соның ішінде қосалқы мердігерлерге де, Мердігерден тиісті өтінімді алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде.

5.3.13. Тапсырыс беруші Мердігерге Тапсырыс берушінің құқықтары мен рұқсаттарына қатысты кез келген шектеулер мен шарттар туралы дереу хабарлауы тиіс, бұл Мердігердің Бұрғылау Алаңына еркін кіруіне әсер етуі мүмкін.

5.3.14. Жұмыстарды жүргізу кезінде тиісті Бұрғылау Алаңында Жұмыстардың жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті Тапсырыс берушінің Өкілінің болуын қамтамасыз ету.

5.3.15. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 күн ішінде Тапсырыс беруші Бұрғылау ұңғымасының бүкіл циклін бақылауға өкілетті және анықталған бұзушылықтар немесе Шартта көзделген басқа да мән-жайлар бойынша барлық жұмыс түрлерін тоқтату құқығына ие адамдардың тізімін Мердігерге ұсынуға міндетті. Барлық анықталған бұзушылықтар мен нұсқаулар Мердігердің тиісті құжаттарында тіркеледі.

5.3.16. Тапсырыс беруші ұңғыманы бұрғылау басталғанға дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын нақты адамдарды тағайындау туралы жазбаша хабарламаны Мердігерге ұсынады. Осы Шартқа сәйкес Тапсырыс берушінің өкілдері Шарттың талаптарын және осы Шартта көзделген Жұмыстарды бақылау және қамтамасыз ету жөнінде Тапсырыс берушінің атынан әрекет етуге өкілетті.

5.4. Тапсырыс беруші құқылы:

5.4.1. Мердігерден ұсынылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

5.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

5.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.





5.4.4. Мердігердің қызметіне кез келген уақытта араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

5.4.5. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасы ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алуға құқығы бар.

5.4.6. Тапсырыс берушінің Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

5.4.7. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Жұмыстардың барысы мен сапасын, Мердігердің осы Шарттың талаптарын орындауын, Мердігердің Заңнаманы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Тапсырыс берушінің жергілікті актілерін сақтауын бақылауға құқылы, бұл үшін Шарттың талаптарына сәйкес өз жауапты Өкілін немесе Өкілдерін Жұмыстарды жүргізу орнына жібереді. Тапсырыс беруші және оның Өкілдері Жұмыстарды орындауға қатысуы Жұмыстардың Шартқа, Жобалық құжаттамаға, Бұрғылау бағдарламасына, Жұмыстар жоспарына және Заңнамаға сәйкестігін бақылаудан тұрады. Егер бұрғылау технологиясы, Бұрғылау бағдарламасында және Жобалық құжаттамада белгіленген талаптар, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау қағидалары бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші (оның өкілдері) Мердігер міндетті түрде орындауға тиісті нұсқаулар береді. Барлық нұсқаулар Тапсырыс беруші жазбаша түрде, ал шұғыл (төтенше) жағдайларда ауызша, кейіннен міндетті түрде журналға тіркей отырып береді.

5.4.8. Тапсырыс беруші Мердігердің өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтауын тұрақты бақылауды толық жүзеге асыруға құқылы, сондықтан Тапсырыс беруші Мердігерден осы бағыттағы кез келген құжаттарды (паспорттар, жабдыктар мен құралдарға сертификаттар, тиісті жабдыктардың жұмыс журналдары, жабдыктардың, құралдардың, материалдардың және химиялық реагенттердің нормативтік қорлары) ұсынуды талап етуге құқылы. Мұндай құжаттамаларды ұсыну бойынша Тапсырыс берушінің барлық нұсқаулары міндетті түрде орындалуға тиіс. Сондай-ақ, Тапсырыс беруші жабдыктарды, құралдарды және материалдарды көзбен шолып тексеруге құқылы. Бұл ретте Мердігер толық жәрдем көрсетуге міндетті. Тапсырыс беруші өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жоспарлы кезеңдік тексерулерді ТЖК құрамында жүргізуге құқылы. Мұндай комиссиялардың нәтижесінде берілген Тапсырыс берушінің барлық нұсқаулары міндетті түрде орындалуға тиіс.

5.4.9. Тапсырыс беруші ұңғыманы бұрғылау кезінде қолданылатын материалдардың сапасын тексеру және бақылау құқығына толық ие. Тапсырыс беруші Мердігерден осы материалдарға қатысты паспорттар мен сәйкестік сертификаттарын ұсынуды, сондай-ақ оларды көзбен шолып тексеруді талап етуге құқылы. Бұл ретте Мердігер толық көмек көрсетуге міндетті.

5.4.10. Тапсырыс берушінің өкілдері Мердігердің осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау талаптарына сәйкестігіне қатысты Мердігерге жазбаша ұсыныстар мен нұсқаулар беруге құқылы (ал шұғыл жағдайларда – кейіннен бұл нұсқаудың вахталық журналға жазылып, нұсқау берушінің қолымен бекітілуімен ауызша түрде). Бұл нұсқауларды орындау Мердігер үшін міндетті болып табылады. Тапсырыс беруші өз өкілдерінің іс-әрекеттері мен шешімдері үшін жауапты болады. Ұсыныстар мен нұсқаулар жалпы сипатта болуы мүмкін немесе осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға қатысты нақты мәселелер бойынша берілуі мүмкін, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, осы Шарттың және Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың талаптарын сақтау мақсатында Жұмыстарды тоқтату туралы ұсыныстар мен нұсқауларды қамтиды.

5.4.11. Тапсырыс беруші Мердігердің Жұмыстарды орындауын бақылайды және олар осы тармақтың негізделген және құжаттамалық расталған негіздеріне сәйкес келмеген жағдайда, жазбаша бұйрық негізінде кез келген уақытта оларды тоқтатуға құқылы (Тапсырыс берушінің өкілі де Шартта көзделген тәртіпте Мердігерден жекелеген Мердігер (қосалқы мердігерлер) қызметкерлерін Жұмыстардан шеттетуін талап етуге құқылы):

5.4.11.1. Шарттың талаптарына, Бұрғылау бағдарламасына, Жобалық құжаттамаға немесе жекелеген Жұмыс түрлеріне арналған Жоспарларға;


5.4.11.2. Тапсырыс берушінің геологиялық және басқа да қызметтерінің негізделген талаптарына сәйкес;

5.4.11.3. Мұнай және газ өнеркәсібіндегі қауіпсіздік қағидаларына;

5.4.11.4. Мердігер бұрғылау жұмыстары басталғанға дейін іске қосу конференцияда тиісті түрде танысқан қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбек қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің Заңнамалық және жергілікті актілерінің талаптарына сәйкес;

5.4.11.5. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнгенде немесе апат, оқиға туындаған жағдайда.

5.4.12. Мердігердің Жұмыстарды орындау сапасын, осы Шарттың талаптарын немесе Заңнаманы бұзғаны анықталған жағдайда, геологиялық қызмет немесе Тапсырыс берушінің Өкілі Мердігерге анықталған кемшіліктер туралы жазбаша хабарлама жібереді. Мұндай жазбаша талап алған Мердігер, егер талап негізді болса, Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде анықталған кемшіліктерді түзетуі немесе Мердігер тарапынан бұзушылықтардың жоқтығын негіздеп, дәлелді бас тарту жіберуі тиіс. Егер Мердігер кемшіліктерді түзете алмаса, Тапсырыс беруші геологиялық қызмет немесе Тапсырыс берушінің Өкілдері арқылы Жұмыстарды





орындауды тоқтата тұруға құқылы.

5.4.13. 1

5.4.14. Тапсырыс берушінің өкілі мен Мердігер қызметкерінің арасындағы қарым-қатынас Тапсырыс берушінің Бұрғылау жөніндегі инженері мен Мердігер қызметкерінің арасындағы қарым-қатынастар регламентіне (Шартқа №19 Қосымша), Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа негізделуі тиіс.

5.4.15. ГТЗ станциясындағы Мердігер қызметкерлері мен бұрғылау Мердігер қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынастар ГТЗ станциясы қызметкерлері мен бұрғылау Мердігерінің арасындағы қарым-қатынастар регламентіне (Шартқа №21 Қосымша), Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа негізделуі тиіс.

5.4.16. ҰГЗ бойынша Мердігер қызметкерлері мен бұрғылау Мердігер қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынастар ҰГЗ бойынша компанияның Қызметкерлері мен бұрғылау Мердігері арасындағы қарым-қатынастар регламентіне (Шартқа №22 Қосымша), Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа негізделуі тиіс.

5.4.17. Шарт пен Заңнамада көзделген негіздер болған жағдайда, тыйым салынған, заңсыз немесе рұқсат етілмеген заттармен айналысқан кез келген Мердігер немесе қосалқы мердігер қызметкерін жұмысты орындаудан шеттетуге және олардың бұрғылау жұмыстары жүргізілетін аумақта болуына тыйым салуға құқылы.

6. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Тапсырыс беруші жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

6.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап шығу жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

6.3. Мердігер Тапсырыс берушіге орындалған Жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) Актісінің Р-1 нысаны бойынша әрбір кезеңге сәйкес орындалған Жұмыстардың бөлінісімен екі данада, қол қойылған актілерді ілеспе хатпен бірге ұсынуы тиіс.

6.4. Әрбір Кезең бойынша барлық Жұмыстар аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шартқа №5 және №16 Қосымшаларында көзделген мерзімдерде Мердігер орындалған Жұмыстар Актісі бойынша Тапсырыс берушіге әрбір Кезең бойынша Жұмыстардың нәтижесін тапсырады. Мердігер Жұмыс Кезеңдерінің аяқталғаны туралы және Жұмыс нәтижесінің қабылдауға дайындығы туралы Тапсырыс берушіні қабылдау күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті.


6.5. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін алғаннан кейін 6 (алты) жұмыс күні ішінде, Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардың нәтижелерін қарайды және мақұлдаған жағдайда мұндай актінің екі данасына қол қояды, оның бір данасын Мердігерге қайтарады немесе сол мерзімде (5 (бес) жұмыс күні ішінде) Жұмыстарды қабылдаудан негізделген бас тартуды Мердігерге жібереді. Тапсырыс берушінің Р-1 нысаны бойынша кез келген Орындалған Жұмыстар (көрсетілген қызметтер) Актілеріне қол қоюы, Тапсырыс берушіні Жұмыстардағы жасырын ақауларға немесе Мердігер әдейі жасырып қалған ақауларға қатысты кез келген талаптарды қою құқығынан айырмайды.

6.6. Жұмыстарды орындау барысында немесе Жұмыстарды қабылдау кезінде Бұрғылау Бағдарламасына, Жобалық құжаттамаға және басқа да белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, қателіктер, дәлсіздіктер және басқа да кемшіліктер анықталған жағдайда, бұл тиісті инспекцияның қорытындысымен расталса, Мердігер Тапсырыс берушімен келісілген мерзім ішінде барлық кемшіліктерді өз есебінен жоюға және осындай жұмыстардың нәтижелерін немесе кемшіліктерді жою бойынша Жұмыс жоспарларын ұсынуға, сондай-ақ жаңа қарауға арналған Р-1 нысанындағы орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) Актілерін Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді.

6.7. Мердігердің кемшіліктерді жоюдан негізсіз бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші кемшіліктермен орындалған Жұмыстардың құнын төлемеуге құқылы. Егер Мердігер Шарттың 9.4-тармағына сәйкес кемшіліктерді жоймаса, Тапсырыс беруші көрсетілген кемшіліктерді өз бетінше немесе тартылған ұйымдардың күшімен жоюға және кемшіліктерді жоюға кеткен шығындарды Мердігерден өндіріп алуға құқылы.

6.8. Егер Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдағаннан кейін кемшіліктерді (жасырын кемшіліктер) анықтаса және оларды жоюды Мердігерден талап етсе, онда мұндай кемшіліктерді жоюды Мердігер жүзеге асырады. Жасырын кемшіліктерді анықтау мерзімі – ұнғыманы бұрғылаудан қабылдау-тапсыру Актісіне қол қойылған сәттен бастап 3 (үш) жыл. Егер Тапсырыс беруші ұнғыманы бұрғылаудан қабылдау-беру актісіне қол қойылған сәттен бастап 365 (үш жүз алпыс бес) күнтізбелік күн ішінде ұнғымаларға сынақ жүргізсе, онда ұнғыманы сынауды жүргізу бойынша бақылау үшін Тапсырыс беруші Мердігерге ұнғыманы сынау жөніндегі жұмыстардың басталу күні туралы хабарламаны алдын ала (күнтізбелік 15 күн бұрын) жібереді. Мердігердің өз өкілін жіберуден бас тартуы немесе мердігердің тиісті актіге қол қойудан бас тартуы кезінде ол туралы белгі қойылады және актіге Тапсырыс беруші ғана қол қояды, мұндай актінің екіжақты актінің заңды күші болады және талап қою үшін негіз болып табылады.

6.9. Егер осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында Мердігер жауап бермейтін жағдайларға байланысты теріс нәтижелердің болатыны немесе Жұмыстарды одан әрі жалғастырудың мақсатқа сай еместігі анықталса, Мердігер тиісті Жұмыстарды тоқтатуға және Жұмыстарды тоқтатқан сәттен бастап бір күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда Тараптар 7 (жеті) күн ішінде Жұмыстарды жалғастырудың мақсатқа сайлығын қарастыруға міндетті. Тапсырыс беруші Шартты





орындаудың кездейсоқ мүмкін еместігіне байланысты тәуекелдерді көтермейді және оның жауапкершілігі Шарт бойынша көзделген нәтижелерге қол жеткізудің мүмкін еместігі анықталғанға дейін орындалған және Тапсырыс беруші қабылдаған Жұмыстардың құнын төлеумен шектеледі. Осы тармақта көзделген талаптарға сәйкес Шарт бойынша Жұмыстар тоқтатылған жағдайда, Тараптар Жұмыстарды тоқтату сәтінен бастап үш (3) күнтізбелік күн ішінде Акт жасайды, бұл акт Мердігер орындаған Жұмыстарды төлеу үшін шот ұсынуға және Жұмыстарды жалғастырудың мақсатқа сай еместігіне байланысты Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін тоқтатуға негіз болады. Тапсырыс беруші Мердігердің нақты орындалған Жұмыстарын, сондай-ақ демобилизация шығындарын төлейді.

6.10. Осы Шарт бойынша Жұмыстардың нәтижелеріне меншік құқығы Тапсырыс берушіге тиесілі. Мердігер Жұмыстарды орындау кезінде немесе Жұмыстардың нәтижесінде алынған геологиялық және кез келген басқа ақпаратқа кез келген құқықтардан бас тартады. Егер осы Шарт бойынша орындалатын Жұмыстардың нәтижелеріне авторлық құқық объектілері кіретін болса, онда мұндай Жұмыстардың нәтижелері Тапсырыс берушіге берілмейді. Мердігердің техникалық және өндірістік құжаттамасына және Мердігер немесе оның атынан дайындалған басқа да құжаттамаға авторлық құқық (Тараптар арасындағы қатынастарда) Мердігердің меншігінде қалады. Тапсырыс беруші осы құжаттардың кез келгенін (оның ішінде өзгерістер енгізу және пайдалану) аяқтау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету, өзгерту, реттеу және Ұңғыманы жөндеу мақсатында өз есебінен көшіруге, пайдалануға немесе беруге құқылы.

6.11. Шартқа сәйкес Мердігер алған Жұмыстардың нәтижелерін, оның ішінде геологиялық ақпаратты пайдалану, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кез келген мақсатта Тапсырыс беруші тарапынан жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші Жұмыстардың нәтижелерін Шарттың 15-бөлімінің талаптарына қайшы келмеген жағдайда Мердігердің рұқсатынсыз жариялауға құқылы.

6.12. Мердігер Жұмыстарды орындағаннан кейін Шарт талаптарына сәйкес Орындалған жұмыстар актісін және Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген электронды шот-фактураны (ЭШФ) қол қою үшін Тапсырыс берушіге жібереді.

6.13. Орындалған жұмыстар Актісін екі Тараптың қол қоюы 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

7. Кепілдіктер және Сапа

7.1. Мердігер Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес Жұмыстардың сапасына кепілдік береді. Мердігер осы Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар Тапсырыс берушінің Жұмысты қалыпты пайдалануы кезінде конструкция, материал немесе жұмысқа байланысты ақаулар болмайтынына кепілдік береді.

7.2. Мердігер орындалған Жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 36 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардың сапасына кепілдік береді.

7.3. Тапсырыс берушінің Өкілі Жұмыстарды тексеру үшін сынақ өткізуі мүмкін. Егер тексеру барысында Ақаулар анықталса, Тапсырыс беруші кез келген анықталған Ақаулар туралы оларды түзету мерзімін көрсетіп, Мердігерге 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлайды.

7.4. Егер Мердігер, хабарламаны алғаннан кейін, Тапсырыс беруші талап еткен мерзімде Ақауды (Ақауларды) түзетпесе, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті санкциялар мен шараларды Мердігердің есебінен және Тапсырыс беруші Шартқа сәйкес Мердігерге қатысты иеленетін басқа құқықтарға зиян келтірместен қолдануға құқылы.

7.5. Мердігер орындалған жұмыстардың кемшіліктері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады. Жұмыстарды орындау барысында, сондай-ақ олар аяқталғаннан кейін үш жыл ішінде кемшіліктер мен ақаулар анықталған жағдайда, Мердігер оларды өз есебінен түзетуге міндеттенеді.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Мердігердің жауапкершілігі:

8.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеле белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 20%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

8.2.2. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 20%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алуға;

8.2.3. Мердігер Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында орындалмаған Жұмыстардың құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының 20%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге;





8.2.4. Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Жұмыстар бойынша дер кезінде жойылмаған кемшіліктердің құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының 20%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге;

8.2.5. Мердігер орындалған жұмыстардың қорытынды Актісімен бірге Тапсырыс берушіге елішілік құндылық бойынша есептілікті ұсынуға міндеттенеді. Елішілік құндылықты есептеу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың елішілік құндылықты есептеуінің Бірыңғай әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Егер Мердігер елішілік құндылық бойынша есептілікті уақтылы ұсынбаса, Тапсырыс беруші Шарт шеңберіндегі басқа құқықтарына нұқсан келтірмей, есептілікті ұсыну мерзімін әрбір күнтізбелік күнге кешіктіргені үшін Шарт құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ жалпы Шарт сомасының 20%-нан аспайтын айыппұл сомасын Жұмыстар құнынан шегеріп алуға құқылы.

8.2.6. Егер Жұмыстарды орындаудың Күнтізбелік кестесінде қарастырылған жеке Кезеңнің орындалу мерзімі бұзылса, Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші Мердігерден ұнғыманың тиісті Кезеңінің құнының әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Кезеңнің құнының 20%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл өндіріп алады. Жұмыстардағы анықталған кемшіліктер уақтылы жойылмаған жағдайда, Мердігер анықталған кемшілікті жою сәтіне дейін Кезеңнің жалпы құнының әрбір күні үшін 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Кезеңнің жалпы құнының 20%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

8.2.7. Жұмыстарды ұйымдастыру Жоспарын бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Жұмыстар Кезеңінің құнының 1% мөлшерінде айыппұл төлеуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің барлық шығындарын, оның ішінде Жұмыстарды қайталап орындауға байланысты шығындарды өтеуге міндетті, егер мұндай ауытқу Апатты (оқиғаларды), Асқынуларды болдырмау немесе Жұмыстардың нәтижесіне қол жеткізу мақсатында орын алмаса. Бұл ретте, Бұрғылау бағдарламасының бұзылғанын растау фактісі Тапсырыс берушінің Геологиялық қызметі, Мердігер және Тапсырыс беруші өкілдері қол қойған бұзушылық фактісін тіркеу туралы үшжақты актімен расталады. Егер Мердігер аталған актіге қол қойудан бас тартса, актіні алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Мердігер Тапсырыс берушіге жазбаша негізделген бас тартуды ұсынуға міндетті. Егер Мердігер көрсетілген мерзімде мұндай жазбаша негізделген бас тартуды ұсынбаса, Тапсырыс беруші Мердігердің актіге қол қойудан бас тартуына және негізделген бас тартуды ұсынбауына сілтеме жасай отырып, осы тармақты қолдануға құқылы. Бұрғылау бағдарламасын бұзу, сондай-ақ, Шарт пен Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігерде тиісті жабдықтың, құралдың немесе материалдардың болмауына немесе істен шығуына байланысты Жұмыстардың бекітілген Жоспарынан ауытқу болып табылады.

8.2.8. Құжаттарды ұсыну жөніндегі міндеттерді Шарттың №15 Қосымшасында көрсетілген мерзімде орындамау немесе тиісті түрде орындамау жағдайында, Мердігер әрбір кешіктірілген күн үшін, бірақ Жұмыстардың жалпы құнының 20%-нан аспайтын мөлшерде, осы Шарт бойынша Жұмыстардың жалпы құнының (Шарттың 3.1-тармағы) 0,1%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Бұған қоса:

8.2.8.1. Мердігердің Шарттың кез келген тармағын тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін Тапсырыс беруші бұзушылықтарды жою мерзімін бере отырып, айыппұл санкцияларын салудың алдын алу туралы хабарлама жіберуге, ал бұзушылық хабарламада белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда әрбір бұзушылық үшін 100 АЕК-ке тең соманы не тиісті кезеңдегі жұмыстар құнының 0,1%-от ұстап қалумен айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы. осы Шарттың кез келген тармағын тиісінше орындамаған немесе орындамаған күн сайын, бірақ бұзушылықтардың түріне байланысты жұмыстың тиісті кезеңінің жалпы құнының 20%-дан аспайды;


8.2.8.2. Тапсырыс беруші Мердігердің жұмыстары мен қызметтерін, соның ішінде осы жұмыстар немесе қызметтерге қатысты кез келген құжаттамаларды кез келген уақытта тексеруге немесе аудит жүргізуге құқылы. Анықталған бұзушылықтар актімен рәсімделеді және оларды жою мерзімі көрсетілген нұсқаулық беріледі. Тапсырыс беруші анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаулық бере алады және анықталған бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, Мердігерге төленуге тиісті кез келген сомалардан ұсталуы мүмкін 50 АЕК мөлшерінде айыппұл сала алады. Мердігер анықталған кемшіліктерді өз есебінен уақтылы және тиісті түрде түзетуі тиіс.

8.2.9. Мердігер және оның қосалқы мердігерлері тарапынан Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының еңбек ақысын төлеу саласында кемсітушілік жағдайлары орын алған жағдайда, Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

8.2.10. Тапсырыс берушінің 2024 жылғы 15 шілдедегі №70 бұйрығымен бекітілген мердігер ұйымдарға арналған қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі талаптарды сақтау ережелерінің бұзылғаны үшін Мердігер осы Ережелерде көзделген санкциялар шеңберінде жауапкершілікке тартылады (Шарттың №6 Қосымшасы).

8.2.11. Мердігер өз қызметкерлері арасында бұрғылау жұмыстары жүргізілетін аумақта немесе осы аумақта жұмыс істейтін қызметкерлердің спирттік ішімдіктер, қару-жарақ, жарылғыш заттар, есірткі және психотроптық заттар сияқты тыйым салынған заттармен байланысты жағдайларды белгілеу, қолдау және бақылау үшін тікелей жауапкершілік көтереді.

8.3. Мердігер осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомаларды осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісуге жауапты.





8.4. Егер Мердігер Жұмыстарды осы Шарттың талаптарынан ауытқулармен орындаған жағдайда, бұл Жұмыстардың нәтижелерін нашарлататын немесе оларды пайдалануға жарамсыз ететін басқа да кемшіліктермен орындалған болса, бұл осы Шарттың талаптарына сәйкес тиісті екіжақты Актілермен расталған жағдайда, Тапсырыс беруші құқылы:

8.4.1. Мердігерден аталған кемшіліктерді жоюды Жұмысты орындау мерзімін ұлғайтпай ақысыз түрде талап етуге;

8.4.2. Мердігерден осы Шарт бойынша Жұмыстардың құнын өлшемдес түрде азайтуды талап етуге;

8.4.3. Осы Шартты орындаудан бас тартуға және Мердігердің тікелей залалдарды (нақты шығындарды) төлеуін талап етуге.

8.5. Егер ұнғымадағы Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс берушінің басқа Мердігері ҰГЗ кешенін жүргізуі керек болса, ал Мердігердің ұнғыманы дайындау бойынша Жұмыстарды сапасыз орындауы жоспарланған ҰГЗ кешенін жүргізуге мүмкіндік бермесе, Мердігер осындай Мердігердің бос тұрып қалғаны үшін құжатпен расталған шығындарды және ұнғыманы қайта дайындауға кеткен шығындарды Тапсырыс берушіге өтейді.

8.6. Мердігер шегендеу бағаналарын цементтеудің сапасы үшін жауапты. Пайдалану және техникалық шегендеу бағана арасындағы бағанааралық қысым анықталған жағдайда, бұрғылау жұмыстары аяқталғаннан кейін бағаналы ағындар (ұнғыманы қалыпты пайдалануға кедергі келтіретін) ұнғыманы Тапсырыс берушіге тиісті Акт бойынша тапсырғаннан кейін 3 жыл ішінде және Мердігердің жауапкершілігі анықталған жағдайда, Мердігер осындай ақауды жою жұмыстарын өз есебінен орындайды. Басқа жағдайларда Мердігердің жауапкершілік шарасы цементтеу сапасына байланысты Техникалық сипаттамада, «Ұнғыманы цементтеу жұмыстары» бөлімінде анықталған.

8.7. Егер Мердігер Шартты орындауға уақтылы кіріспесе немесе Жұмыстарды соншалықты баяу орындаса, бұл мерзімінде аяқталуы анық мүмкін еместігі байқалса, Тапсырыс беруші Шарттан бас тартуға және барлық шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

8.8. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.8.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, Шарттың жалпы сомасының 20%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

8.8.2. Мердігерге ұсынылған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 20%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

8.8.3. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 20%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

8.8.4. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды кідірткен жағдайда Мердігер тапсырыс берушіден Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, Шарттың жалпы сомасының 20%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

8.8.5. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіден Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, Шарттың жалпы сомасының 20%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

8.8.6. Тапсырыс беруші құжаттарды беруді кешіктірген жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің Мердігерге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

8.9. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға Жұмыстарды нақты орындаған кезде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

8.10. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

8.11. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігердің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін оған аударылған және осы шығындарға байланысты туындаған айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

8.12. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.


8.13. Тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы (айыппұл, өсімпұл) Шарттың жалпы сомасының 20%-нан аспауға тиіс.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





9.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

9.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

9.3.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.

9.3.3. Жұмыста негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

9.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

9.3.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда);

9.3.4. Жұмыс Кезеңдерінің орындалу мерзімдерін Мердігердің жүйелі түрде (3 реттен артық) бұзуы;

9.3.5. Тапсырыс берушінің кінәсінен емес, жұмыстарды орындау Күнтізбелік кестесімен белгіленген әрбір Жұмыс Кезеңінің мерзімін 30 күнтізбелік күннен астам уақытқа бұзу;

9.3.6. Заңнама аясында Мердігердің Жұмыстарды орындау құқығынан айыратын мемлекеттік органдардың лицензиялары мен өзге де рұқсат құжаттарын тоқтату және қайтарып алу;

9.3.7. Егер Шарттың 5.4-тармағы және 22-бөлімі бойынша Жұмыстарды тоқтатуға негіз болған жағдайлар белгіленген мерзімде (немесе мұндай мерзім белгіленбесе, ақылға қонымды мерзімде) жойылмаса;

9.3.8. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау жағдайында;

9.3.9. Мердігердің Жабдығының (соның ішінде Бұрғылау Қондырғысының) істен шығуы немесе бұзылуы салдарынан ұңғымадағы Жұмыстардың отыз (30) күнтізбелік күннен астам уақытқа тоқтатылуы немесе Жабдықты жөндегеннен кейін отыз (30) күнтізбелік күн ішінде қайтадан бұзылуы немесе істен шығуы жағдайында;

9.3.10. Мердігердің тіркелген (инкорпорацияланған) елінің заңнамасына сәйкес, соттың немесе басқа құзыретті органның Мердігерді төлем қабілетсіз (банкрот) деп тану туралы талап арызды немесе басқа да ұқсас талапты қабылдауы жағдайында;

9.3.11. Егер Жұмыстардың Шарт талаптарынан ауытқулары немесе Жұмыс нәтижесіндегі басқа да кемшіліктер Шарттың 6.6-тармағында белгіленген мерзімде жойылмаса, немесе олар елеулі және жойылмайтын болса, не жойылғаннан кейін қайтадан байқалса;

9.3.12. Заңда және осы Шартта көзделген өзге де жағдайларда.

9.4. Тапсырыс беруші Шарттан біржақты бас тартқан жағдайда, ол болжалды бас тарту күнінен кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тарту себебі, күшін жойған шарттық міндеттемелердің көлемі және Шарттан бас тарту туралы хабарлама күшіне енетін күн көрсетілуі керек. Жоғарыда аталған жағдайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Мердігер Шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлем талап етуге құқылы.


9.5. Осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін. Тараптардың бірінің бастамасы бойынша осы Шарт заңнамада немесе осы Шартта белгіленген жағдайларда және тәртіппен бұзылуы мүмкін.

9.6. Шартты орындаудан біржақты бас тарту осы Шартта немесе қолданылатын құқықта көзделген жағдайларда, мұндай біржақты бас тарту бір Тарап (бас тартудың бастамашысы) бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы соттан тыс тәртіппен жүзеге асырылады.

9.7. Тапсырыс беруші сондай-ақ кез келген уақытта себебін көрсетпей, осы Шарттан біржақты бас тарта алады, бұл туралы жоспарланған тоқтатылу күнінен кемінде 15 күн бұрын хабарлама жіберуі қажет. Бұл жағдайда Мердігер басталған Жұмыс Кезеңін аяқтауға міндетті. Басталған кезеңдегі Жұмыстарды аяқтау мақсатқа сай болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт бұзылған күнге дейін тиісінше орындалған жұмыстардың құнын Мердігерге өтейді.

9.8. Тапсырыс беруші кәсіпорын қайта ұйымдастырылған жағдайда, Тапсырыс беруші жасалған Шартты оның орындалу кезеңінің кез келген сатысында біржақты тәртіпте бұзуға құқылы, бұл туралы Мердігерге 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жіберуі керек. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге Шарт бойынша нақты орындалған жұмыстардың құнын төлеуге міндеттенеді.

9.9. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі





уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

9.10. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

9.11. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарламаны жібереді. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Мердігер Шартты орындаумен байланысты, оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар. Алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер Мердігердің шарт бойынша міндеттемелерді авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзған жағдайларына қолданылмайды.

9.12. Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген тәртіппен Мердігермен алдын ала келісіп, кез келген уақытта Жұмыстардың құрамына және/немесе көлеміне өзгерістер енгізуге құқылы.

9.13. Жұмыс көлемі өзгерген жағдайда, Тапсырыс беруші, соның ішінде Тапсырыс берушінің Өкілі арқылы, өтінім немесе бұйрық жіберуге міндетті, онда көрсетілуі қажет (тиісті хабарламаны алған сәттен бастап Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес Мердігер Жұмыстарды орындауға міндетті. Мердігер мұндай Жұмыстарды орындаудан бас тартуға құқылы емес, егер бұл Жұмыстар Мердігердің кәсіби қызмет саласына кірмейтін болса, Мердігерге тәуелді емес себептер бойынша орындалмайтын болса немесе мұндай Жұмыстарды орындау және төлеу шарттары Келісімге сәйкес Тапсырыс берушімен келісілмеген жағдайларды қоспағанда):

9.13.1. Осы Шартта қарастырылған кез келген Жұмыс көлемін ұлғайтуға немесе азайтуға;

9.13.2. Кез келген көрсетілген Жұмысты алып тастауға;

9.13.3. Шарттағы өзгерістерге сәйкес келетін тағы бір нұсқаулық.

9.14. Қосымша жұмыстарды орындау қажеттілігі туындаған жағдайда Тараптар Қағидаларға, осы Шарттың ережелеріне және ҚР Заңнамасына сәйкес әрекет етеді.

9.15. Тапсырыс беруші келісу барысында Бұрғылау Бағдарламасына өзгерістер енгізуге, сондай-ақ тиісті Бұрғылау Алаңында Жұмыстар басталғанға дейін Бұрғылау Алаңдарының орналасу орындарын немесе ұңғымаларды бұрғылау нүктелерін өзгертуге құқылы.

9.16. Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен осы Шартта көзделген Жұмыстардың сипатын өзгертпейтін, Жұмыстар орындалатын Жобалық құжаттамаға өзгерістер енгізуге құқылы.

9.17. Мердігер адамдардың өліміне немесе денсаулығының нашарлауына, қоршаған ортаның ластануына, ұңғыманың жоғалу қаупіне әкеп соғуы мүмкін Шарт талаптарын елеулі бұзушылықтар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші жұмыстарды орындауды Мердігерге тиісті хабарлама жіберу жолымен тоқтата тұруға құқылы. Мердігер тоқтата тұру туралы өкімдер келіп түспеген жұмыстарды орындауды жалғастыра отырып, хабарламада көрсетілген жұмыстарды орындауды дереу тоқтатуға міндетті. Бұл ретте, егер Тапсырыс беруші өзгеше көрсетпесе, Мердігер мердігердің қызметкерлері мен жабдығын жұмысты дереу қайта бастау үшін дайын күйде ұстауға тиіс. Егер Тапсырыс беруші Шарттың 18-бабында және осы тармақтың бірінші ұсынысында көзделген негіздер бойынша жұмыстарды тоқтата тұрса, келіспеушіліктерді болдырмау үшін Тапсырыс беруші тоқтаған жұмыстардың төлемін жасамайды. Өзге жағдайларда, тоқтаған жұмыстардың төлем тәртібі Шарттың талаптарына сәйкес айқындалатын болады.

9.18. Егер Тапсырыс беруші басқа нұсқау бермесе, Жұмыстарды тоқтату кезеңінің бүкіл уақытында Мердігер Жұмыстардың қол жеткізілген нәтижесін, сондай-ақ Жұмыстарды орындауға пайдаланылатын материалдар мен жабдықтарды сақтау үшін барлық шараларды қабылдауға міндетті.


9.19. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Мердігерге тиісті хабарлама жіберу арқылы тоқтатылған Жұмыстарды қайта бастау туралы нұсқау беруге құқылы. Мердігер хабарламада көрсетілген Жұмыстарды дереу қайта бастауға міндетті.

10. Хат-хабар

10.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

10.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және





факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

10.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

10.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

11. Шарттың мерзімі

11.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және Шарт бойынша Тараптар қабылдаған міндеттемелерді толық және тиісінше орындағанға дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

12.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

12.3. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады, егер бұл міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау осы жағдайларда алдын алу мүмкін емес төтенше және жойылмайтын мән-жайлармен (еңсерілмейтін күш мән-жайларынан), соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: су тасқыны, жер сілкінісі, эпидемия, соғыс, ереуілдер немесе локауттар (Мердігердің жеке құрамы немесе Мердігердің өзі ұйымдастырған ереуілдер немесе локауттардан басқа), экспорт немесе импортқа үкіметтік тыйым салу актілері немесе осы Шартты орындауға тікелей әсер еткен басқа да ұқсас жағдайлармен туындаған болса.

12.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар болған кезеңге тең уақытқа ауыстырылады.

12.5. Еңсерілмейтін күш жағдайларына, атап айтқанда, төмендегілер жатпайды:

12.5.1. Мердігер немесе қосалқы мердігер пайдаланатын Мердігердің Жабдығы, кез келген басқа зат, жабдық, материал, қондырғы немесе машина жоғалтуы, жойылуы, зақымдануы (егер бұл өз кезегінде еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан болмаса).

12.5.2. Мердігердің немесе оның қосалқы мердігерінің ұйымында ақша қаражатының, қарапайым өндірістің, ереуілдің болмауы, энергия тасымалдаушыларға немесе қызметтерге тарифтердің көтерілуі;

12.5.3. Көлікті уақтылы ұсынбау, көп мөлшерде сақтандыру жағдайларының туындауы;

12.5.4. Мердігердің жұмысты орындау мүмкіндігін шектейтін Мердігердің басқа тараптар алдындағы міндеттемелері;

12.5.5. Мердігердің контрагенттерінің өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамауы;

12.5.6. Мердігердің қызметі үшін қажетті жарамды сертификаттардың немесе кез келген басқа құжаттардың, рұқсаттардың және лицензиялардың болмауы;


12.5.7. Нарықта жұмыстарды орындау үшін қажетті жұмыс күшінің, материалдардың, тауарлардың, жабдықтардың немесе қызметтердің болмауы.

12.6. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған Тарап міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін жағдайлардың басталғаны және тоқтағаны туралы екінші Тарапқа электрондық пошта арқылы дереу хабарлауға тиіс.

12.7. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған Тарап уәкілетті орган немесе ұйым берген еңсерілмейтін күш жағдайларының бар екенін және олардың ұзақтығын растайтын құжатты екінші Тарапқа жіберуге тиіс.

12.8. Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған күннен бастап 14 (он төрт) күн ішінде Тараптар Шарттың әрі қарай орындалуына қатысты өзара кеңесу үшін кездеседі.

12.9. Егер мұндай жағдайлар қатарынан екі айдан астам уақытқа созылса, кез келген Тарап Шартты немесе оның кез келген бөлігін біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы болады, және бұл жағдайда ешбір Тарап ықтимал шығындарды өтеуді талап етуге





құқылы болмайды.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

13.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13.4. Осы Шартты орындау барысында туындайтын даулы мәселелер Тараптармен келіссөздер арқылы шешіледі және қол жеткізілген келісімдер міндетті түрде Тараптардың қосымша келісінде тіркеледі және қол қойылған сәттен бастап осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

13.5. Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы орындалған Жұмыстардың кемшіліктері немесе олардың себептері бойынша туындаған даулы мәселелер кез келген Тараптың талап етуі бойынша тәуелсіз сараптама тағайындау арқылы шешілуі мүмкін. Сараптама шығындарын оны бастамашылық еткен Тарап төлейді. Сараптама нәтижелері бойынша дауда кінәлі екендігі анықталған Тарап сараптама жүргізу шығындарын өтейді немесе шығындар Тараптардың әрқайсысының кінәсінің пайыздық үлесіне сәйкес тәуелсіз сарапшы белгілеген пропорцияда бөлінеді.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.8. Тапсырыс беруші Мердігерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Саясатының (бұдан әрі - Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Шартқа қол қою арқылы Мердігер Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында орналастырылған Саясатпен танысқанын растайды.

14.9. Мердігер Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және олардың сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарт мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға және осы ереженің кепілдіктерін сақтауға міндеттенеді.

14.10. Мердігер Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының қолданылуына жататын кез





келген тұлға Мердігердің лауазымды адамы немесе қызметкері болған, не болмаса Мердігер ұйымында тікелей немесе жанама үлестік қатысуға ие болған барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндеттенеді.

14.11. Мердігер осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ереженің талаптарының нақты немесе ықтимал бұзылуы жағдайында Тапсырыс берушіге адал көмек көрсетуге және жәрдемдесуге міндеттенеді.

14.12. Талаптардың бұзылуы туралы хабарлау үшін Мердігер Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында орналастырылған «Сенім телефонын» пайдалану керек.

14.13. Тараптар осы Шартта қандай да бір Тарап қызметкерлеріне қосымша сыйақы беру туралы тікелей не жанама шарттар жоқ екенін растайды.

14.14. Мердігер мемлекеттік органдармен байланысы жоқ және Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес келетін лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе тікелей немесе жанама иелері жоқ екенін растайды.

14.15. Жазбаша хабарламада Тарап қарсы жақтың немесе оның қызметкерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін дәлелдейтін немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе сенімді дәлелдерді ұсынуға міндетті, бұл бұзушылықтар қолданылатын заңнамаға сәйкес пара беру немесе алу, коммерциялық парақорлық, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы қолданылатын заңнамалар мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттер ретінде жіктелуі мүмкін.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

15.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

15.3. Кез келген Тараптың осы Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде екінші Тарапқа беретін ақпарат, ол орындалатын жұмыс, өнім, бағалар, келіссөздер мен ұсыныстар туралы деректерді, соның ішінде осы Шарттың қолданылу барысында және оны жариялау Тараптардың кез келгеніне зиян келтіруі мүмкін ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жариялауға жатпайды. Аталған ақпаратқа коммерциялық құпия режимі қолданылады. Тараптар коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты жоғалту немесе оны үшінші тұлғалар, соның ішінде осы Шартты тікелей орындауға қатысы жоқ өз қызметкерлері тарапынан пайдалану мүмкіндігін болдырмайтындай сақтауға және пайдалануға міндеттенеді. Тараптар құпия ақпаратты ешқандай үшінші тұлғаларға бермеуге, алмастырмауға, жарияламауға, ешқандай басқа жолмен таратпауға және оның жариялануын немесе басқа жолмен таратылуын болдырмау үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға міндеттенеді.

15.4. Тарап екінші Тараптың коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратты үшінші тұлғаға ақпарат берілетін Тараптың алдын ала жазбаша келісімі болған кезде ғана бере алады. Бұл ретте мұндай ақпаратты ашатын Тарап жоғарыда аталған үшінші тұлғаның осындай ақпаратты құпия деп қарауға және осы ақпаратты таратпауға міндеттеме алуын қамтамасыз етуге тиіс.

15.5. Осы бапта көзделген шектеулер келесі ақпаратқа қолданылмайды:

15.5.1. Ақпаратты пайдалану немесе жариялау сәтінде қазірдің өзінде көпшілікке мәлім болған жағдайда;


15.5.2. Ақпаратты алғанға дейін немесе Жұмыстарды орындау нәтижесінде неленгенге дейін Тарапта болған және бұл туралы тиісті жазбаша растама бар жағдайда;

15.5.3. Мына ақпаратты дербес алу құқығы бар үшінші тараптың Тарапқа заңды түрде жеткізілгені;

15.5.4. Шарт жасалғанға дейін Тараптың өз күшімен әзірленген, бұл құжаттармен расталады;

15.5.5. Соттың немесе ақпаратты жариялауды талап етуге өкілетті басқа мемлекеттік органның бұйрығына сәйкес жариялауға жатады, Тарап бұл талап туралы басқа Тарапты дереу хабардар етуі шарт.

15.6. Тараптардың бірі ұсынған кез келген ақпарат, Тараптар қол қойған Қосымша келісімде арнайы көрсетілген жағдайларды қоспағанда, құпия немесе конфиденциалды деректер ретінде қарастырылмауы тиіс.





15.7. Тарапқа осы Шартты орындау мақсатынан басқа кез келген мақсатта басқа Тараптың коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратты алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдалануға тыйым салынады.

15.8. Жұмыстар аяқталғаннан кейін құпия ақпаратты алған Тарап коммерциялық құпияны құрайтын ақпараттың түпнұсқаларын, сондай-ақ кез келген көшірмелерін және Жұмыстарға қатысты барлық деректерді, есептерді және кез келген сипаттағы хабарламаларды басқа Тарапқа тапсыруы немесе оның қалауы бойынша жоюы тиіс. Тарап өзінің, өз қызметкерлерінің немесе қосалқы мердігерлерінің иелігінде осы Шартпен көзделген негіздер бойынша коммерциялық құпияны құрайтын барлық ақпарат көшірмелерін жоюды кепілдік етеді.

15.9. Шарттың 13-бөлімін бұза отырып, құпия ақпаратты жария еткен Тарап осындай бұзушылықтың салдарынан туындаған нақты расталған залалдарды толық көлемде басқа Тарапқа өтеуге міндеттенеді.

15.10. Тараптардың Шарттың осы бөлімінің талаптарын орындау жөніндегі міндеттемелері Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде қолданылады.

15.11. Мердігер «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның (бұдан әрі – Қор) талабы бойынша Тапсырыс беруші Мердігердің банк шоттарының бар екендігі, шоттардағы қалдықтар мен ақша қозғалысы туралы ақпаратты Қордың IT жүйесіне «Қазақстан Ұлттық Банкі жанындағы Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК-ның қорғалған тасымалдау жүйесі «Фасти» арқылы ұсынуға құқылы екендігімен келіседі.

16. Мердігер Қызметкерлері

16.1. Мердігер осы Шарт бойынша Жұмыстарды тиісті түрде орындау үшін қажетті саны мен сападағы Мердігердің Қызметкерлерін өз есебінен қамтамасыз етуге және Шартқа №14 Қосымша талаптарына сәйкес келуге міндетті. Мердігер Қызметкерлерінің біліктілігі, құзыреттілігі және тәжірибесі Шартта, ҚР заңнамасында және халықаралық мұнай-газ саласының үздік тәжірибесінде көзделген Жұмыстарды сапалы орындауға мүмкіндік беретініне кепілдік береді. Осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартылған барлық қызметкерлер тек Мердігердің Қызметкерлері ретінде қарастырылады және осы ережемен олар осы Шарттың барлық талаптарын қабылдайды. Тапсырыс берушінің Өкілдерімен, мемлекеттік бақылау органдарының инспекторларымен тікелей үйлестіру міндеттері жүктелген Мердігер Қызметкерлерінің негізгі және жауапты қызметкерлері мемлекеттік немесе орыс тілдерін еркін меңгеруі тиіс немесе Мердігер қажетті аудармашыларды қамтамасыз етуге міндетті.

16.2. Тапсырыс беруші Шартты орындаудың кез келген кезеңінде келесі жағдайларда Мердігерден Қызметкерлер құрамын және/немесе Мердігер Қызметкерлерінің санын өзгертуді негізделген түрде жазбаша талап етуге құқылы:

16.2.1. Мердігер Қызметкерлерінің кінәсінен Шарт аумағында апат немесе өзге де төтенше жағдай орын алғанда;

16.2.2. Жұмыс Күнтізбелік жоспарының орындалуы 30 күнтізбелік күннен астам уақытқа кешіккен немесе артта қалған жағдайда;


16.2.3. Форс-мажор жағдайына байланысты Жұмыс көлемінің күтпеген ұлғаюы кезінде;

16.2.4. Мердігер Қызметкерлерінің қауіпсіздікке, Қызметкерлердің денсаулығына немесе қоршаған ортаны қорғауға қауіп төндіретін әрекеттер жасаған жағдайда.

16.3. Шарттың 16.2-тармақшасында көзделген жағдайларда, Тапсырыс беруші талаптың туындауына себеп болған оқиғалар басталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Мердігерге негізделген талапты ұсынады. Тапсырыс берушіден Қызметкерлерінің құрамын өзгерту, санын ұлғайту немесе азайту туралы негізделген талапты (бұдан әрі - «Қызметкерлер жөніндегі Талап») алғаннан кейін, Мердігер 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге келесілерді ұсынады: а) негізделген бас тарту; немесе б) Қызметкерлер жөніндегі Талапты орындау іс-шараларының күнтізбелік жоспары. Мерзімдік іс-шаралар жоспары қажеттілікке қарай мыналарды қамтиды: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген еңбек шарттарын бұзу және/немесе еңбек шарттарын жасасу шарттарын орындау, қажетті рұқсат етілген еңбек және көші-қон құжаттарын алу, әкімшілік немесе қылмыстық іс жүргізу, егер бар болса. Тараптар ақылға қонымды мерзімдерде Қызметкерлердегі өзгерістерге байланысты Шартқа өзгерістер енгізу туралы қосымша келісімге қол қояды. Қосалқы Мердігердің Қызметкерлері өзгерістер бойынша құқықтары мен міндеттері мұндай қосымша келісімде көзделген сәттен бастап туындайды.

16.4. Егер Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметкерлерінің санын ұлғайтуы қажет болса, онда Мердігер бұл ұлғайтуды өз есебінен жүзеге асырады. Егер Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметкерлерінің санын азайтуы қажет болса (бірақ өндірістік объектілерді күтіп ұстау нормаларына сәйкес ең аз мөлшерден кем емес), онда Жұмыстардың құны өзгермейді, егер Тапсырыс беруші Мердігердің алған үнемдеуі орындалған Жұмыстардың сапасына теріс әсер еткенін дәлелдемесе.

16.5. Мердігер өз Қызметкерлері арасында қатаң өндірістік және еңбек тәртібі мен реттілікті үнемі сақтауға міндеттенеді. Қажет болған жағдайда кінәлі тұлғаларға қатысты еңбек заңнамасында көзделген тәртіптік ықпал ету шараларын қабылдауы тиіс. Мердігердің Қызметкерлері қолданылатын заңнаманың талаптарын (әсіресе, мұнай және газ саласындағы қауіпсіздік ережелерін) және Тапсырыс берушінің ішкі актілерін (Қауіптілігі жоғары объектілерде мердігерлік ұйымдардың қарым-қатынастары мен Жұмыстарды жүргізу тәртібі туралы ереже. Шартқа №17 Қосымша) сақтауы тиіс, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі және осы Шартқа қол қойылғанға дейін Мердігерге таныстыру және кейінгі орындау үшін ресми түрде ұсынылуы тиіс, сондай-ақ оларды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.





16.6. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберіп, себептерін көрсетіп, кез келген қызметкерді жұмыстан шеттету немесе басқа қызметкермен ауыстыруды талап етуге құқылы, мұндай қызметкер жеткіліксіз біліктілікке ие болса, өндірістік, технологиялық немесе еңбек тәртібін бұзса, оның мінез-құлқы Жұмыстарды орындауға кедергі келтірсе, Тапсырыс беруші осындай талап қоя алады. Қызметкерлерді шеттету немесе ауыстыруға байланысты барлық шығындарды Мердігер көтереді. Ауыстыру Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасын алғаннан кейін 24 сағат ішінде жүргізілуі тиіс, және шеттетілген немесе ауыстырылған тұлға бұдан былай Жұмыстарға жіберілмеуі керек.

16.7. Жұмыстарды бастау күнінен кейін Мердігер Жұмыстарды орындауға қатысы бар негізгі мамандардың бірін Тапсырыс берушінің алдын ала келісімінсіз тек асқинуларды, апаттарды, жазатайым оқиғаларды болдырмау немесе олардың салдарын жою үшін немесе мұндай ауыстыру Мердігердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын орындауының салдары болған жағдайда ғана ауыстыра алады. Ауыстырылған қызметкер дағдылары мен тәжірибесі бойынша ауыстырылған қызметкерге тең болуы тиіс.

16.8. Мердігер өз есебінен Мердігер Қызметкерлері үшін барлық қажетті визаларды, жұмысқа рұқсаттарды, сертификаттарды, куәліктерді, нысандарға рұқсаттарды, паспорттарды және Заңнамаға сәйкес қажетті басқа да құжаттарды алу, ұзарту және күшін сақтау міндетін атқарады. Мердігер аталған құжаттарды уақытында алуды қамтамасыз етіп, Жұмыстардың орындалуында кідірістерді болдырмауға міндетті.

16.9. Мердігер Мердігер Қызметкерлерінің мүшелерін келесі жағдайларды растайтын заңды күші бар құжаттармен қамтамасыз етуі тиіс:

16.9.1. Қатысты Жұмыстарды орындауға денсаулық жағдайының жарамдылығы;

16.9.2. Жұмыстарды қауіпсіз орындау әдістері бойынша жыл сайынғы оқытудан өтуі;

16.9.3. Кәсіби жарамдылығы мен біліктілігі;

16.9.4. ГМСА кезіндегі ұңғыманы басқару және Атқыламаға қарсы қауіпсіздік бойынша курстарды аяқтағандығы туралы куәліктер;

16.9.5. «Күкіртсутек» немесе «Күкіртсутектен қорғау негіздері мен дағдылары» курсын және басқа да ұқсас курстарды өткендігі туралы сертификат;

16.9.6. Өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін білу бойынша емтихандарды тапсыруды растайтын құжаттар және төтенше жағдайлар мен өндірістік қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік бақылау аумақтық басқармасында (ТЖ және ӨҚ бойынша МБАБ) немесе Заңнамаға сәйкес Мердігердің Жұмыстарды орындау үшін қажетті деп тапқан және тендерлік құжаттамада, Шарттың №14 Қосымшасында көрсетілген кез келген басқа құжаттар.

16.10. Мердігер әрбір Қызметкерлерінің денсаулығы үшін тұрақты жауапкершілікті мойнына алады, кез келген уақытта олардың физикалық жарамдылығын растауға дайын болуы тиіс және Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметкерлердің барлығының медициналық тексеруден өткенін және олардың жарамдылығын растайтын құжаттарды және қажетті анықтамаларды, Жұмыстардың Басталу Күнінен кемінде 1 (бір) жыл бұрын берілгенін ұсынуға міндетті. Жоғарыда аталғанға қарамастан, Мердігер Қызметкерлерінің жұқпалы аурулармен ауырмайтынына көз жеткізу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс.

16.11. Мердігер міндеттенеді:

16.11.1. Шарт Аумағында алкогольдік ішімдіктерді, есірткілік және токсикологиялық, психотроптық, улы заттарды қолдануға тыйым салу, бұл тыйыммен Мердігердің Қызметкерлерін таныстыру;

16.11.2. Мердігердің Қызметкерлерін жұмыс орнына алкогольдік, есірткілік немесе токсикалық масаң күйде келгендерін Жұмыстарға жібермеу (Жұмыстан шеттету);


16.11.3. Шарт Аумағына алкогольдік, есірткілік немесе токсикалық масаңдықты тудыратын заттарды әкелуге және болуына жол бермеу;

16.11.4. Мердігердің Қызметкерлерінің, оның ішінде Мердігер жалдаған қызметкерлердің, еңбекақы төлемдері, сақтандыру, шығындарды өтеу, өтемақы, зейнетақы, қосымша жеңілдіктер және кез келген түрдегі салықтар бойынша, сондай-ақ кез келген уәкілетті орган немесе мекеме Мердігерден талап ете алатын кез келген басқа төлемдер бойынша Тапсырыс берушіге қойылатын кез келген талаптар мен сот талқылауларынан босату, және осындай талаптар мен сот талқылаулары болған жағдайда, Тапсырыс берушінің шығындарын Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде өтеу;

16.11.5. Бұрғылау Мердігерінің тарапынан жұмыстың негізсіз кешіктірілуі немесе тиісінше орындалмауы және басқа да туындаған даулар жағдайында, Топтық техникалық жобаға сәйкес жұмыстарды орындауға тартылған ГТЗ және ҰГЗ Мердігерлерінен және басқа да тараптардан Тапсырыс берушіге қойылатын кез келген талаптардан босату. Бұрғылау Мердігерінің кінәсінен ұңғыманы бұрғылау мерзімі ұлғайған жағдайда, ГТЗ шығындарын бұрғылау Мердігері өтейді.

16.11.6. Мердігер Қызметкерлері арасында қатаң тәртіп пен реттілікті үнемі қолдау. Мердігер Қызметкерлері осы Шарт шеңберінде Тапсырыс беруші шығарған және Мердігерге берілген барлық ережелер мен нормаларды сақтауға міндетті;

16.11.7. Қосалқы мердігерлік жұмыстармен айналысатын қызметкерлерді қоса алғанда, тартылған шетелдік қызметкерлерге қатысты





қазақстандық қызметкерлер үшін еңбекақы төлеудің тең жағдайларын қамтамасыз ету.

16.12. Егер Тапсырыс беруші мен Мердігердің қызметкерлеріне қауіпсіздік катері туындамаса, Тапсырыс берушінің Мердігердің жұмыс күшін орналастыруға араласуға құқығы жоқ.

17. Мердігердің Жабдыктары

17.1. Осы Шартты орындау мақсатында Мердігер өз есебінен барлық жабдыктарды, соның ішінде бұрғылау қондырғыларын, материалдарды, жүк көтергіш механизмдерді, қазандықтарды, резервуарларды, жеке қорғану құралдарын (ЖҚК), құрал-саймандар мен жұмысты орындау үшін қажетті және қолданылатын шығын материалдарын (бұдан әрі мәтін бойынша – «Жабдық») қамтамасыз етуі тиіс. Мердігер Жабдықтың Мобилизацияның аяқталу күніне (немесе Тараптар келісетін басқа күнге) Шарт аумағында және оның Бұрғылау алаңында Тапсырыс берушінің Демобилизация туралы тиісті нұсқауына дейін болуын қамтамасыз етеді.

17.2. Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша Мердігерге Жұмыстарды орындау үшін өзінің Жабдыктарын ұсынуға құқылы, бұл туралы Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлайды. Мердігер Тапсырыс берушінің Жұмыстарды орындау үшін уақытша берілген Жабдыктарының, сондай-ақ Мердігердің базасында уақытша сақталған кез келген басқа материалдардың қорғау және қауіпсіздігі үшін толық материалдық жауапкершілікте болады. Егер Тапсырыс берушінің немесе Тапсырыс беруші тартқан үшінші тұлғаның Жабдыктарына Мердігердің немесе Мердігердің қосалқы мердігерлерінің кінәсінен зиян келтірілсе немесе олар жоғалса, Мердігер Тапсырыс берушінің осындай Жабдықтың құнын өтеу туралы хабарламасын алған күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге оның құнын өтейді.

17.3. Мердігердің барлық Жабдыктары мен ұсынатын материалдары тиісті сәйкестік сертификаттарына, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат және шығу тегі туралы құжаттарға сәйкес болуы тиіс. Заңнама талаптарына сай келмейтін немесе осындай сертификаттары жоқ Мердігер Жабдығын қолдана отырып, Жұмыстарды орындауға тыйым салынады.

17.4. Бұрғылау қондырғысы, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар, жүк көтергіш механизмдер, Мердігердің жылыту қазандықтары Мердігердің өзі уәкілетті органда уақытша тіркеуге қойылуы тиіс.

17.5. Мердігер Жұмыстардың құнын арттырмай, ұңғыманы бұрғылау үшін қажетті материалдарды және Мердігердің жабдыктарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға және Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан шығаруға қажетті барлық рұқсаттарды алуын және заңды күшінде болуын қамтамасыз етуі тиіс. Бұл рұқсаттарға кедендік рәсімдеу, барлық кедендік баждарды, алымдарды және өзге де қолданылатын салықтар мен төлемдерді төлеу кіреді.

17.6. Мердігер Мердігердің жабдыктары ешқандай зақымдарсыз немесе ақаусыз болады, тиісті күйде болады және осы Шартты орындау мақсаттары үшін пайдалануға жарамды болады деп кепілдік береді. Сонымен қатар, Мердігердің Қызметкерлері мұндай Мердігер жабдыктарында Жұмыстарды орындауға толық дайын болады деп кепілдік береді.

17.7. Мердігер жабдықты дайындаушының техникалық сипаттамаларына сәйкес және оны дұрыс пайдалану тәжірибесіне сәйкес осындай Жабдықтың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, Мердігердің жабдығын жинақтайды және пайдаланады. Сондай-ақ, Мердігер жеткізу уақытына дейін Мердігердің жабдыктары мен оларға ұсынылатын материалдардың конструкциясы мен жай-күйіне сәйкес келуін және жаңа жабдық ретінде өндірушінің техникалық сипаттамаларына сәйкес оның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып пайдалануға жарамды болады деп кепілдік береді.

17.8. Мердігер жауапты:

17.8.1. Жұмыстарды орындау үшін жеткізілген Мердігердің барлық материалдар мен жабдыктарының Демобилизацияға дейін сақталуы үшін;

17.8.2. Мердігер пайдаланып жатқан материалдар мен жабдыктардың осы Шартта, Жобалық құжаттаманың техникалық-технологиялық шешімдерінде, Заңнамада, сондай-ақ өндіруші зауыттар, жергілікті немесе мемлекеттік органдар, мамандандырылған ұйымдар ұсынған техникалық шарттарға сәйкес болуына;

17.8.3. Мердігер жабдыктары мен материалдарын осындай жұмыстар үшін дайындалған алаңдарда сақтауға, барлық сақтау және тиеу-түсіру жұмыстарының нормаларын сақтауға, материалдар мен жабдыктарды қоршау, жарықтандыру, қорғау және сақтау мен тиеу-түсіру жұмыстарына бақылау жүргізуді қамтамасыз етуге;

17.8.4. Заңнамаға сәйкес пайдалануға рұқсат етілмеген Мердігер жабдыктары мен материалдарын пайдалануға;

17.8.5. Мердігер жабдыктары мен материалдарын пайдалану мүмкін еместігін анықтауға. Егер Мердігердің кінәсінен Мердігер жабдыктары мен материалдарының бүлінуі (жоғалуы, зақымдануы) немесе оларды Жұмыстарды орындау үшін пайдалану мүмкін еместігі анықталса, Мердігер Тараптар жазбаша келіскен мерзімде Мердігер жабдыктарын немесе материалдарын жарамдысына ауыстыруға немесе, қажет болған жағдайда, тиісті жөндеу жұмыстарын орындауға міндеттенеді.

17.9. Мердігер өз есебінен және өз тәуекеліне бұрғылау қондырғысын және Мердігердің басқа жабдыктарын барлық қажетті қосалқы агрегаттармен жұмыс жағдайында, қосалқы бөлшектермен, материалдармен және басқалармен қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер Шарт





талаптарына сәйкес ең қысқа ақылға қонымды мерзімде (егер Тараптар басқаша келіспесе) Мердігердің жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізіп, Жұмыстардың үзіліссіз, тиімді және қауіпсіз орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Егер Мердігердің қандай да бір жабдықтары Жұмыстарды орындау үшін пайдаланыла алмаса, Мердігер осындай жабдықтарды ауыстыруды (жөндеуді) Жұмыстарды орындау мерзімдеріне нұқсан келтірмейтіндей етіп жүзеге асыруы керек.

17.10. Мердігер Жұмыстарды техникалық қызмет көрсету (бөлшектерді ауыстыру және т.б.) және Мердігердің жабдықтарын жөндеу үшін тоқтата тұруға құқылы уақыттың жалпы көлемі бір күнтізбелік айда жиынтығы бойынша 24 сағаттан аспауы тиіс және тоқтап қалу уақыты болып саналмайды, сондай-ақ Мердігердің кінәсінен бұрғылау уақытының ұзақтығының асып кетуі ретінде есепке алынбайды. Жұмыстарды жоғарыда көрсетілген мерзімнен асатын уақытқа техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін тоқтата тұру Тапсырыс берушіге жазбаша хабарламай, жалпы ұңғыма бойынша Жұмыстардың орындалу мерзіміне әсер ететін болса, Шартты бұзу болып табылады.

17.11. Егер бұл Жұмыстардың тиісінше орындалуына әсер ететін болса, Мердігер кез келген жабдығын пайдалану тоқтатылатыны туралы болжамды жоспарланған күннен екі жұмыс күні бұрын Тапсырыс берушіні хабардар етуі тиіс.

17.12. Мердігер Бұрғылау Қондырғысының жұмысына әсер ететін Мердігердің агрегаттарын алдын ала Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз модификациялай алмайды, жаңарта алмайды, ауыстыра алмайды және істен шығара алмайды (құрамдас бөліктерді, шығыс материалдарын және қосалқы бөлшектерді қоспағанда). Модификациялау, жаңарту, Бұрғылау Қондырғысын және Мердігердің басқа жабдықтарын ауыстыру жұмыстары басталғанға дейін Мердігер Тапсырыс берушіге осындай қызметтерді орындау кестесін қамтитын сұрау салуды ұсынуы тиіс. Мұндай хабарламаны алғаннан кейін Тапсырыс беруші қысқа ақылға қонымды мерзім ішінде Мердігерге мұндай модификациялау немесе ауыстыру мерзімдерін келісуі керек.

17.13. Тапсырыс беруші тиісті хабарлама жіберу арқылы Мердігерден Бұрғылау Қондырғысын және Мердігердің басқа жабдықтарын модификациялауды немесе ауыстыруды сұратуға құқылы. Мұндай хабарламаны алғаннан кейін Мердігер қысқа ақылға қонымды мерзім ішінде, бірақ 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, Тапсырыс берушіге осындай модификациялау немесе ауыстыру мерзімдерін ұсынуы тиіс. Егер Тапсырыс беруші көрсетілген есепті қарау нәтижелері бойынша модификациялау (ауыстыру) сұранысын жазбаша түрде растаған жағдайда, Мердігер мұндай модификациялау (ауыстыру) жұмыстарын ұсынылған есепте көрсетілген мерзімдерде орындауы керек.

17.14. Жұмыстар басталар алдында, бұрғылау қондырғысы орнатылғаннан кейін, Мердігердің жабдықтары, атап айтқанда мұнара, мұнара негізі, мүмкіндігінше жоғарғы күштік жетек (Top Drive), барлық қосылыстардың теңестігі Мердігердің есебінен тәуелсіз сарапшы компаниямен тексерілуі тиіс, және Шарт талаптарына сәйкес, Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша модификациялануы немесе жаңартылуы қажет. Мұндай тексеру нәтижелері дайын болған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге ұсынылуы керек. Тапсырыс беруші осындай тексеру жүргізу үшін үшінші тарапты өз есебінен тартуға құқылы. Тапсырыс берушінің өкілдері Мобилизация алдында кез келген уақытта Мердігер жабдығын жаңарту немесе жөндеу кезінде қатысуға құқылы.

17.15. Мобилизацияға дейінгі тексеріс (мүмкін, өндіруші зауытта) Мердігердің Жабдығының жай-күйін және техникалық қызмет көрсету стандарттарын өндірушінің спецификациялары мен ұсыныстарына сәйкес тексеруді қамтиды. Тексеру барысында Мердігердің Жабдығының негізгі бөліктерінің жағдайын егжей-тегжейлі тексеру үшін ашуды қамтиды: тісті беріліс, мойынтіректер, шынжырлар және қосалқы бөлшектердің зақымдануы немесе ақаулары анықталады, қажетті саңылаулар өлшенеді, жүк көтеру жабдығының сынақ сертификаттары тексеріледі және т.б. Мобилизацияға дейінгі тексеріс барысында Тапсырыс беруші Мердігердің Жабдығының өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы. Жабдықты кез келген жаңғыртудан кейін функционалдық сынақтар, қысым сынақтары, жүктеме сынақтары және Мердігердің Жабдығының оқшаулау кедергісін тексеру қажет. Осындай тексеру Актілерін Мердігер бұрғылау алдында Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. Мердігер Тапсырыс берушінің мобилизацияға дейінгі тексерісін сапалы жүргізуді қамтамасыз ету үшін тиісті қызметкерлерін ұсынуға тиіс.


17.16. Егер Мердігер қандай да бір Жұмысты қосалқы мердігерлерге беретін болса, онда Мердігер қосалқы мердігерлермен келісімдерде Тапсырыс берушінің аталған Жұмыстарды тексеру құқығын қамтамасыз етуі керек.

17.17. Мобилизацияға дейінгі тексеріс нәтижесінде Мердігердің Жабдығында кемшіліктер анықталған жағдайда, Мердігер оларды өз есебінен және Жұмыс Күнтізбелік кестесін бұзбай жоюға міндетті.

17.18. Жұмыстарды бастау күніне дейін Мердігер Тапсырыс берушіге құзыретті қызмет көрсету мекемесі жүргізген Мердігердің ұңғымалық жабдығының соңғы тексеруінің оң қорытындысын ұсынуы тиіс. Тексеру ауырлатылған бұрғылау құбырларын, қалың қабырғалы бұрғылау құбырларын, бұрғылау құбырларын, адаптерлерді, жетектегі бұрғылау құбырын жетектегі бұрғылау құбырының клапаны, кері клапандар, ауыстырғыштар, элеваторлар, ілгіштерді, серелер және осы Шартты орындау кезінде қолданылатын Мердігердің кез келген басқа көтеру жабдықтарын тексеруді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Тексеру, ең аз дегенде, толық ультрадыбыстық тексеруді, сыртқы диаметрді өлшеуді, бұрғылау құбырларының бұрандалы муфтасын өлшеу және тексеруді және басқаларды қамтуы тиіс.

17.19. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша жүргізілген Мердігердің Жабдығына қосымша тексеру Тапсырыс берушінің есебінен жүзеге асырылады. Егер тексеру нәтижесінде Мердігердің Жабдығының қандай да бір бөліктерінде кемшіліктер анықталса, онда мұндай бөліктерді ауыстыру немесе жөндеу Мердігердің есебінен жүзеге асырылады, сондай-ақ тексеру жүргізуге кеткен Тапсырыс берушінің шығындары Мердігермен өтеледі.

17.20. Әр тексерудің жүргізілуі туралы есептер мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазбаша түрде құрастырылып, тиісті тексеру





аяқталғаннан кейін дереу Тапсырыс берушіге берілуі тиіс.

17.21. Осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Мердігер бұрғылау жұмыстары үшін қажетті жабдықтардың, материалдардың және қосалқы бөлшектердің жеткілікті қорын өз есебінен қамтамасыз етуі керек. Тапсырыс берушінің талабы бойынша, бірақ айына бір реттен жиі емес, Мердігер оған мұндай қорлардың тізімін ұсынады.

17.22. Қысыммен жұмыс істейтін Мердігердің әрбір түйіні әрқашан жеке нөмірмен таңбалануы және оның пайдалануға жарамдылығын растайтын тиісті құжаттамаға ие болуы тиіс. Қысыммен жұмыс істейтін барлық Мердігер Жабдықтарына ағымдағы және регламенттік қысым сынақтары Заңнамаға сәйкес орындалуы керек.

17.23. Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс беруші кез келген уақытта құзыретті қызмет көрсету мекемесін тарта отырып, Мердігердің Жабдығына тексеру жүргізуге құқылы. Егер осындай тексеру нәтижесінде Мердігердің Жабдығының осы Шарт талаптарына немесе Заңнама талаптарына сәйкес келмейтіні анықталса, Мердігер Тапсырыс берушіден тексеру жүргізген құзыретті қызмет көрсету мекемесінің сараптамалық қорытындысы қоса берілген жазбаша хабарлама алғаннан кейін, өз есебінен және өз тәуекеліне, ақаулы жабдықты жөндеуі немесе ауыстыруы тиіс, сонда Мердігердің барлық жабдығы жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес болады.

17.24. Мердігер Жұмыстарды орындау үшін жабдықты, яғни тауарларды, соның ішінде, бірақ Техникалық спецификациямен шектелмей сатып алады. Бұл ретте Мердігер Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін жағдайда, отандық тауарларды сатып алатынына кепілдік береді. Отандық тауарларды сатып алу бойынша кепілдік міндеттемелердің орындалуын растайтын құжат Жұмыстардың орындалуын растайтын тиісті (қорытынды) актіге қол қойылған күнге дейін жеткізуші ұсынған СТ-KZ нысанындағы сертификаттардың көшірмесі болып табылады. Жұмыстарды орындау үшін қажетті отандық тауарларды сатып алу бойынша аталған кепілдік міндеттемелерді Мердігер орындамаған жағдайда, Мердігер осы сатып алу Шартының жалпы құнының 15% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемелердің орындалмағаны үшін жауапты болады, ол Мердігер тарапынан төленуі немесе тиісті (қорытынды) актіге қол қойылғанға дейін Мердігерге тиесілі төлемнен Ұйымдастырушы тарапынан ұсталып қалынуы мүмкін. Бұл ретте Тапсырыс беруші Мердігердің Ережелерді бұзу фактісі туралы ақпаратты тиісті тәртіппен Холдингінің сенімсіз өнім жеткізуші Тізіліміне енгізу үшін Уәкілетті органға жібереді.

17.25. Мердігер скважиндер үшін сатып алған және Тапсырыс беруші төлеген пайдаланылмаған жабдықтар мен материалдар (шегендеу құбырлар, СЦМ, қосылу торабы) Тапсырыс берушіге тапсырылуы тиіс, әйтпесе Шарттың құны осындай жабдықтар мен материалдардың құнына азайтылады.

18. Бұрғылау бағдарламасы және жобалық құжаттама

18.1. Тапсырыс беруші Шартқа қол қойылған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде барлық қажетті мемлекеттік органдармен келісілген және барлық қажетті сараптамалардан өткен ұңғыманы бұрғылауға арналған барлық Жобалық құжаттаманы Мердігерге ұсынуы тиіс. Барлық Жобалық құжаттаманы алғаннан кейін, Жобалық құжаттаманың техникалық-технологиялық шешімдерін ескере отырып, Мердігер 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Бұрғылау бағдарламасын құрастырып және оны келісу үшін Тапсырыс берушіге ұсынады. Тапсырыс беруші Бұрғылау бағдарламасын мүмкіндігінше қысқа мерзімде келісіп, бұрғылау Жұмыстары басталғанға дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей оны Мердігерге тапсыруға міндеттенеді.

18.2. Бұрғылау Бағдарламасы Бұрғылау Алаңының орналасу мәліметтерін, ұңғыма бойынша Жұмыстардың орындалу мерзімдерін және осы Шартқа және оған қоса берілген барлық қосымшаларға (оның ішінде мерзімдер, технологиялар, жұмыстарды орындау әдістері, материалдар мен жабдықтар бойынша) толық сәйкес келетін Жұмыстарды орындау жөніндегі басқа да нұсқауларды қамтуы тиіс.


18.3. Мердігер Тапсырыс берушіден Жобалық құжаттаманы алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Бұрғылау лагерінің, Бұрғылау қондырғысының орналасу сызбасын және Бұрғылау қондырғысына арналған іргетастардың бекітілген құрылыс сызбасын ұсынады. Тапсырыс беруші сызбаларды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Мердігер жіберген сызбаларды жазбаша түрде келісуі тиіс.

18.4. Мердігер алынған Жобалық құжаттаманың сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Жұмыстар аяқталғаннан кейін Мердігер алынған Жобалық құжаттаманы және өзге де бастапқы ақпаратты Тапсырыс берушіге қайтаруға (немесе Тапсырыс берушінің талабы бойынша жоюға) міндетті. Жобалық құжаттаманы және өзге де бастапқы ақпаратты қайтару (жою) екі Тараптың өкілетті өкілдері қол қойған құжаттаманы қабылдау-беру (жою) Актісімен ресімделеді.

18.5. Тапсырыс беруші Бұрғылау Бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы, ұңғыма құрылымына қатысты (шегендеу бағаналардың түсу тереңдігінің өзгеруі ± 250 м), ұңғыма тереңдігін ұлғаюы немесе қысқаруы жағына өзгерту, осындай ұлғайту Бұрғылау қондырғысының қуатымен рұқсат етілген жалпы бұрғылау тереңдігінен аспаған жағдайда. Тапсырыс беруші мұндай өзгерістер туралы Мердігерге өзгертілген операцияны орындауға 24 сағаттан кешіктірмей хабарлауы тиіс, алайда төтенше жағдайларда Тапсырыс беруші Мердігерге мұндай өзгеріс туралы өзгертілген операцияны орындаудың алдында тікелей хабарлауға құқылы. Бұрғылау ерітіндісінің тығыздығын Жобалық құжаттамада көрсетілген ең жоғары тығыздықтан 15 (он бес) % -ға азайту немесе ұлғайту Бұрғылау Бағдарламасына жалпы Шарттың құнына әсер етпейтін өзгеріс және толықтыру болып табылады.

19. Жұмыстарды орындау тәртібі

19.1. Мердігер, ұңғыма бұрғылауға дайындық аясында барлық қосалқы мердігер ұйымдарды таңдап, оларды Тапсырыс берушімен келіскеннен кейін, Тапсырыс беруші өкілдерінің, ұңғыма бұрғылауға арналған ТТЖ авторларының және барлық негізгі қосалқы





мердігерлердің қатысуымен жиналыс ұйымдастырып, өткізуі тиіс («қағаз жүзінде» ұнғыма бұрғылау). Жиналыс өткізілетін уақыт пен орын міндетті түрде Тапсырыс берушімен келісілуі тиіс.

19.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс беруші Шарт аумағын бұрғылау үшін беру актісі бойынша Мердігерге тапсырады (Шарттың №20 Қосымшасындағы №3 Нысаны). Осы уақытта Мердігер Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша, Тапсырыс беруші келісілген уақыт пен жерде, бірақ осы тармақта көрсетілген мерзімнен кешіктірмей, аумақты беру үшін өзінің өкілдерінің қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

19.3. Мердігер Жұмыстарды орындау Күнтізбелік кестесіне сәйкес Мобилизацияны жүзеге асырады. Мобилизация кезінде Мердігер аптасына екі рет (дүйсенбі және бейсенбі күндері) жергілікті уақыт бойынша 24:00-ге дейін (электрондық пошта арқылы) Бұрғылау Қондырғысының ағымдағы орналасқан жері және оның Шарт аумағына, Тапсырыс беруші көрсеткен орынға келу болжамды уақыты туралы Тапсырыс берушіні хабардар етеді.

19.4. Мобилизация процесінде Мердігер Бұрғылау Қондырғысын ұнғыманың Бұрғылау Алаңына монтаждау аяқталғаннан кейін бірден монтаждау Жұмыстарын және Бұрғылау жұмыстарын дереу бастау үшін қажетті Құрылыс және басқа да дайындық Жұмыстарын орындайды.

19.5. Мобилизация аяқталғанға дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Мердігер Бұрғылау Лагерін жабдықтауға міндеттенеді, соның ішінде:

- 19.5.1. Алаңның жоспарлау жұмыстарын жүргізу;
- 19.5.2. Тұрғын-жай және тұрмыстық ғимараттарды орнату;
- 19.5.3. Санитарлық-гигиеналық тораптарды дайындап және жалғау;
- 19.5.4. Су сақтау ыдыстарын орнатып және жалғау;
- 19.5.5. Жанар-жағармай материалдарын сақтау ыдыстарын орнатып және жалғау;
- 19.5.6. Далалық байланыс орталығын орнату;
- 19.5.7. Бұрғылау лагерін санитарлық-эпидемиологиялық Заңнама талаптарына сәйкес барлық қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету.

19.6. Бұрғылау жұмыстары басталғанға дейін, Мердігер ұнғыма бойынша бастапқы құжаттаманы дайындап, орнатылған Бұрғылау Қондырғысын апырыс берушімен және мемлекеттік бақылаушы органдармен бірлескен тексеру үшін ұсынып, Заңнамада қарастырылған сәйкес актілерді ресімдеуі қажет. Бастапқы құжаттамалар бойынша барлық актілер Тапсырыс берушінің жауапты өкілдерімен қол қойылуы тиіс. Бұрғылау қондырғысын пайдалану рұқсатын алу туралы қорытынды акт Заңнамаға сәйкес ресімделуі қажет. Тиісті түрде және ескертулерсіз ресімделген аталған акт, сәйкес ұнғыма бойынша монтаждау, іске қосу және дайындау жұмыстарының аяқталғанын растайды.


19.7. Мердігер Бұрғылау Қондырғысын дұрыс орнатуды және тиісті монтажды қамтамасыз етуге міндетті.

19.8. Бұрғылау жұмыстарының басталу күніне қарай Мердігер Бұрғылау Қондырғысын мобилизациялап, Тапсырыс беруші көрсеткен ұнғыманы бұрғылауға толық дайын күйде бұрғылау алаңында болуы тиіс. Мердігер бұрғылауға толық дайын деп есептеледі, егер (бұрғылау жұмыстарының басталу күніне қарай Мердігер бұрғылауға толық дайын болған жағдайда, Мердігер ұнғыманы бұрғылауға кірісуі тиіс. Мердігер осы Шарттың осы тармағында көрсетілген талаптарды орындаған кезде, Тараптар Бұрғылау жұмыстарының басталғаны туралы Актіге қол қояды, содан кейін Мердігер бұрғылау жұмыстарына кіріседі):

- 19.8.1. Мердігер Бұрғылау Қондырғысын Тапсырыс беруші көрсеткен Бұрғылау Алаңына толығымен орнатып, барлық қажетті жабдықты сынақтан өткізіп, бұрғылау Жұмыстарына дайындайды;
- 19.8.2. Заңнамаға сәйкес бұрғылау қондырғысын пайдалану рұқсаттарын алу туралы барлық актілер ресімделді;
- 19.8.3. Мердігер Тапсырыс берушіге Жұмыстарды жүргізу үшін барлық қажетті мемлекеттік бақылаушы органдардың рұқсаттарын ұсынды.
- 19.8.4. Мердігер Шарттың 21-бабындағы талаптарды тиісті түрде орындады.
